

Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.


ДЕНСАУЛЫҚ



ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ –
БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

6

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



ҚҰРМАН БАБА
КЕСЕНЕСІ

аумағында абаттандыру
жұмыстары жүргізілуде

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 25 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
986 974

II компонентпен
926 752

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

26.10.2021

Түнде:

+3, -+5 °C
Бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+16+18 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

27.10.2021

Түнде:

+3,+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
күн соңында жаңбыр



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №129 (6105) 26 қазан, сейсенбі, 2021 жыл.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Қазақстан мен Түркіменстан Президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ашхабадқа мемлекеттік сапары барысында Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесіп, келіссөз жүргізді.

Алдымен, келіссөздерге дейін Ашхабадтың Тәуелсіздік алаңында салтанатты түрде ресми қарсы алу шарасы өтті.


Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Түркіменстанның Әнұрандары шырқалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов бір-біріне ресми делегациялардың құрамын таныстырды.

2

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021

Санаққа қатысу – әлеуметтік жауапкершілік!

Онлайн өту мерзімі ұзартылды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі ұсынған дерекке сәйкес, Алматы тұрғындарының саны бүгінде – 2 005 496.

«Бүгінгі таңда Алматы қаласының жалпы тұрғынының 2 млн. 86 мың 769-ы санақтан өтті. 24 қазандағы жағдай бойынша, онлайн-санақтан 626 605 адам өтті. 25 қазандағы жағдай бойынша, 1 462 935 алматылық офлайн-режимде өтті», – деп түсіндірді ведомстводан.

Алматының халық ең тығыз қоныстанған

ауданы – Бостандық ауданы, онда 361 609 адам тұрады. Тұрғындардың ең аз саны жаңа Наурызбай ауданында – 159 115 адам.

Бір айта кетерлігі, Қазақстанда халық санағынан онлайн өту мерзімі ұзартылды. Санақ сауалдарына арнайы sanaq.gov.kz сайты, eGov порталы арқылы тіркеліп немесе Aitu мобильдік қосымшасы арқылы жауап беруге болады. Онлайн өту мүмкіндігі халық санағы аяқталғанға дейін қолжетімді болмақ. 1 қазаннан бастап интервьюерлер үй-үйді аралауды бастады. Онлайн өткен респонденттер телефонға келген SMS-хабарлама-ны интервьюерлерге көрсетуге тиіс. Олар сауалнамадан қайта өтпейді.

2

ҚЫСҚА...

- Елімізде қыркүйек айында көлікті онлайн тіркеуге қатысты 160 мыңнан астам транзакция жасалды.
- Алматыда санақтан өткендер саны 2 миллионнан асты.
- Мегаполисте 21 қазан – 9 қараша аралығында «Бюджетке қатысу» жобасына дауыс беру өтеді.
- Оңтүстік астанада 120 мыңнан астам егде кісі екпе алды.
- Шаһарда жыл басынан бері жүк көлігі жүргізушілері тарапынан 4 мыңнан аса заңбұзушылық жасалған.

www.almaty-akshamy.kz





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ –
БАСЫМ БАҒЫТ

Қазақстан мен Түркіменстан Президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салтанатты рәсімнен кейін екі Мемлекет басшыларының шағын құрамда кездесуі болды. Президенттер саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзит және мәдени-гуманитарлық салаларды кеңейтуге ерекше көңіл бөле отырып, қазақ-түркімен стратегиялық серіктестігінің ауқымды мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, жаһандық және аймақтық күн тәртібіндегі проблемалар жөнінде де әңгіме қозғалды.

Қазақстан Президенті бауырлас Түркіменстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін Гурбангулы Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді.

– Қасиетті түркімен топырағына табанымыз тиген сәттен шынайы ниеттеріңізді көріп, бойымызды ерекше сезім биледі. Әдемі Ашхабад қаласына тағы да келгеніме қуаныштымын. Қалаларыңыздағы құрылыстың ауқымы мен сапасы бізді таңқалдырды. Сапарға келетін болсақ, біз бұған өте тыңғылықты дайындалдық. Менімен бірге Қазақстан Республикасы негізгі ведомстволарының



басшылары да келді. Біз мемлекеттеріміз арасындағы стратегиялық серіктестіктің одан әрі дамуына тың серпін беріледі деп сенеміз. Түркімендер – бізге бауырлас халық. Халықтарымыз арасындағы достықтың тамыры тереңде. Көп нәрсе бізге ортақ. Бұл ортақ шекарамызға да қатысты. Бауырлас Түркіменстан халқына деген ниетіміз таза. Стратегиялық серіктестікті дамыту, мемлекет-

теріміз арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері жеке бақылауымда. Бұл – біздің саясатымыздың басым бағыты. Осы сапар барысында ынтымақтастығымыздың бағытын айқындайтын аса маңызды құжаттарға қол қойылады деп ойлаймын. Біз бұрынғыша халықаралық аренадағы белсенді ынтымақтастығымызды жалғастыра береміз. Кезінде БҰҰ Бас Ассамблеясы мақұлдаған

Түркіменстанның бейтарап ел мәртебесіне Қазақстан зор құрметпен қарайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Гурбангулы Бердімұхамедов өзінің шақыруын қабыл алып, Түркіменстанға сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Біз сіздің мемлекеттік сапарыңызға ерекше мән беріп отырмыз. Түркімендер мен қазақтардың рухани-тарихи байланыстары тереңде жатыр. Сондықтан біздің қарым-қатынасымыз – әрқашан тұрақты және сенімді. Бұл мемлекеттік сапарыңыз халықтарымыз бен бауырлас елдеріміздің игілігі жолындағы туыстық әрі стратегиялық екіжақты қатынастарымызға тың серпін беріп, оны мүлде жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік туғызары сөзсіз. Халықтарымыздың арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан жеке үлесіңіз үшін алғыс айтқым келеді, – деді Түркіменстан Президенті.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021

ИНТЕРВЬЮЕРГЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАЙЫҚ

Алматы қаласының Статистика департаменті қала тұрғындары мен қонақтарын 30 қазанға дейін үйлерді аралап, оларға есік ашатын интервьюер-хат жазушылардың жұмысына құрметпен қарауға шақырды. Бұл ретте қалалықтарды «халық санағын телефон арқылы өткізу қаншалықты заңды?» деген секілді сұрақтар мазалайды.

– Олар маған ұялы телефонға қоңырау шалып, телефон арқылы санақ жүргізуге болатындығын айтты. Бұл қаншалықты дұрыс және заңды? – дейді қала тұрғыны. Бұл сұраққа Ұлттық бюроның қалалық статистика департаментінің

басшысы Айдар Әбілдабеков жауап берді.

– Интервьюерлер үйлерді аралап шығады. Егер тұрғын үйде болмаса, олар сұхбат берушінің телефон нөмірін көрсететін хабарлама қалдырады. Тұрғын көрсетілген нөмірге қоңырау шалып, кездесуге келісуі керек. Интервьюер өз кезегінде келіп, офлайн-режимде жұмысын жүргізуге тиіс. Телефон арқылы сауалнама жүргізбеу керек. Өйткені, жеке деректерді алу үшін алаяқтар оны өз пайдасына асыруы мүмкін. Интервьюерге тән ерекшелік: 2021 жылғы халық санағының символикасы бар шарф, портфель және планшет, сондай-ақ интервьюер куәлігі. Куәлікте көрсетілген тіркеу нөмірі

бойынша оның жеке басын халық санағының ресми сайтында тексеруге болады. sanaq.gov.kz немесе 1446 нөмірі бойынша колцентрге қоңырау шалыңыз, – деді А. Әбілдабеков. Оның айтуынша, санақ халықтың 55%-дан астамын қамтыды. Жұмыс белсенді жалғасуда. Интервьюерлер күн сайын 22.00-ге дейін үй-үйді аралайды.

– Жүргізілген санақ нәтижесі бойынша алынған мәліметтер қала мен жалпы ел үшін өте маңызды. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайды түсінуге және анықтауға мүмкіндік береді қала тұрғындарының жағдайы, елдің даму бағыттары және басқа да маңызды векторлар, сондай-ақ алдағы жағдайды болжауға мүмкіндік береді, – дейді Айдар Әбілдабеков.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ТАЛБЕСІК

ҚАР БАРЫСЫ АПТАЛЫҒЫ

Алматыда қала символына айналған қар барысы апталығы өтіп жатыр. Сирек кездесетін таңғажайып жануар жайлы бар қызықты ақпаратты «Аюсай» визит-орталығынан білуге болады. Іс-шара жыл сайын 23 қазанда аталып өтетін Дүниежүзілік қар барысы күні аясында ұйымдастырылған.

Өткен демалыс күндері алматылық оқушылар Аюсайға барды. Зоолог-ғалымдардың сөзіне сенсек, кейінгі кездері барыстар фотокамералар объективіне жиі түсетін болды. Тіпті, фотосуреттерден көрме ұйымдастыруға мүмкіндік туды.



«Визит-орталықтың барлық келушілеріне Алматы маңында тұратын қар барысының жеті түріне есімдер

берудің бірегей мүмкіндігі беріледі және одан әрі олардың өмірлерін әлеуметтік желілерде қадағалауға болады», – деп

ҚР БҒМ ҒК Зоология институтының қар барысының мониторингі орталығының териология зертханасының меңгерушісі Алексей Грачев мәлімдеді.

Жалпы, Іле Алатауында 40 қар барысы мекендейді, олардың ішінде 22-сі Алматы маңында, қалған 5 барыс нағыз «алматылықтарға» айналған. Оларды қысқы аяздан сақтанып, тау басынан түскен шақта Аюсай шатқалынан кездестіруге болады. Мамандар Аюсай аумағында ауру және жараланған жануарларды жеткізетін бірегей барыстарды оңалту орталығын құруды жоспарлап отыр.

Динара МҰРАТ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнеске

52,2 млрд. теңге
несие бөлінді.



Ағымдағы жылы «Жастар практикасынан»

1500
алматылық өтті.



Шаһарда жыл басынан бері
92 шақырым
су құбыры тартылды.



Қалада
97
workout алаңы орнатылды.



Биыл жылу-энергетикалық жүйені дамытуға
11,5 млрд. теңге
бөлінді.

«Сары аймақтамыз»



25 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасына сәйкес, Алматы қаласы «қызыл аймақтан» шығып, «сары аймаққа» өтті.

«ҚЫЗЫЛ аймақта»: Нұр-Сұлтан қаласы, Қостанай, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары.

«САРЫ аймақта»: Алматы қаласы, Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстары.

«ЖАСЫЛ аймақта»: Шымкент қаласы, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау облыстары.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНДА

Ел дамуындағы еңбегі ерен бақилық болған журналистерді еске алды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ

дары тұрақты әрі тәуелсіз болашақ құру, елдегі кедейлік, теңсіздік, қоршаған ортаның нашарлауы, бейбітшілік пен әділеттілік сияқты өзге де маңызды жаһандық мәселелерді шешуді қамтиды. Журналистік міндеттерін абыроймен атқарған отандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің біразы бүгінде өмірден өтіп кетті. Сондықтан осы іс-шара еліміздің, қоғамның дамуына үлес қосқан, дер кезінде шынайы ақпарат таратқан журналистерді еске алуға арналады. Жиынға марқұм болған журналистердің жақын туыстары, қазақстандық баспасөз ардагерлері, сондай-ақ, көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов қатысты.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ, ақын, Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері:

– Қайтыс болған журналистердің ішіндегі біразының есімі маған өте таныс. Иссапарлар барысында көптеген журналистермен бірге қызметтес болдық. Дүниежүзілік даму туралы ақпарат тарату күніне орай ұйымдастырылған бұл іс-шара өте дұрыс қадам деуге болады. Журналистика тек ақпарат таратумен ғана шектелмейді, қоғамды әр бағытта дамытатын ерекше сала.

Сейітказы МАТАЕВ, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы:

– Өздеріңізге белгілі, біз соңғы жылдары әлемді жаулаған індеттен, одан өзге де себептермен біраз майталман журналистерімізден айырылып қалдық. Марқұм болған журналистерді еске алуға арналған бұл іс-шараны ұйымдастырарда бізге үлкен қолдау білдірген Олжас Омарұлына алғыс білдіреміз. Қаламгерлер мен журналистер Тәуелсіз еліміздің дамуына зор үлес қоса білді. Олардың еңбектерін ұмытпай, әрқашан бағалауымыз керек. Тәуелсіздік алған күннен бастап бүгінгі күнге дейін әртүрлі себептермен қайтыс болған журналистердің тізімін жасадық. Бірақ әлі де толықтыру керек. Себебі, тізімге енген де журналистер бар. Тізім толықтырылғаннан кейін біз газеттерге жариялайтын боламыз. Ақция жыл сайын жалғасады және ендігі кезекте облыстар бойынша қайтыс болған журналистердің тізімін жасау ойда бар.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Журналистер одағы ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығымен бірлесіп, ЮНЕСКО-ның білім қоғамдарын құру жөніндегі идеяларын іс жүзінде іске асыру мақсатында Дүниежүзілік даму туралы ақпарат тарату күніне орай отандық БАҚ-тың қалыптасуына елеулі үлес қосып, өмірден өткен қазақстандық журналистерді еске алуға арналған акция өткізді. Аталмыш акция Қазақстан Журналистер одағының ғимаратында өтті.

Жиын марқұм болған журналистерді еске алу үшін 1 минут үнсіздікпен басталды.

1972 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Дүниежүзілік даму туралы ақпарат тарату күнін белгілеу жөнінде шешім қабылдаған еді. Мақсаты – қоғам назарын даму мәселелеріне аудару, сол мәселелерді шешу үшін әртүрлі елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Ассамблея бұл атаулы күн 24 қазан – Біріккен Ұлттар Ұйымының күнімен сәйкес келуі керек деген шешім қабылдады.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құрал-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айнұр
СЕНБАЕВА

Осыдан біраз бұрын Мұрат Әуезов, Смағұл Елубай, Ұлықбек Есдәулет, Ғарифолла Әнес бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері көрнекті қоғам қайраткері Айтан Нүсіпханның атына көше беру туралы бастама көтеріп, тиісті орындарға ұсыныстарын жолдаған еді. «Өлшеулі өмірінде өз халқына өлшеусіз қызмет етіп кеткен ардақты азаматтың атына бір көше берілсе» дейді олар.

Айтан Нүсіпхан – ұлттық руханияттың дамуына үлкен үлес қосқан азамат, Мұстафа Шоқай атындағы халықаралық сыйлықтың иегері. Ол азаттықтың алғашқы жылдары тәуелсіздіктің нығаюына белсене атсалысты. Осыдан 22 жыл бұрын арамыздан кеткен Айтан Нүсіпхан өзінің қысқа ғана ғұмырын күрескерлікпен өткерді.

Айтан ағамыз 1944 жылы Қытайға қарасты Бұратала Моңғол облысында, шаруа отбасында дүниеге келген. 1962 жылы орта мектепті үздік бітіріп, сол жылы Шыңжаң университетінің саяси-заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1967 жылы тәмамдайды. 1966 жылы бүкіл Қытайда басталған террор «Мәдениет зор төңкерісі» деген саяси науқанға қатысып, елдегі «зор қытайшылықты» әшкерелейтін «Үш қызыл ту» атты бұқаралық ұйымға басшылық жасап, уақыт өте келе жария күресті «астыртын күреске» ұштастырып, бүкіл өлке халқының зор қолдауына қол жеткізді. Алайда, Қытай басшылығы бұл қозғалыстан сескенгендіктен Айтан қатарлы белсенділерді қудалап, түрмеге жаба бастағанда, сол жылдардағы КСРО-ны пана көретін көңіл күймен 1969 жылы ақпанда жасырынып Қазақстанға келеді. Бірақ сол тұстағы жоғары басшылықтан қолдау таппай, Көкшетау облысы, Уәлиханов ауданына жер аударылып, 1972 жылға дейін паспорттық режимде қойшы болып істейді. 1972–1975 жылдары Алматыдағы «Жеміс-жидек комбинатында» жәшік шегелейтін жұмысшы бола жүріп ҚазМУ-дың тарих факультетінде сырттай оқиды.

1975–1989 жылдары Мәскеудегі шет елге берілетін арнайы радио редакциясында журналист болып істейді. 1989–1993 жылға дейін Қазақстан телерадиокомитетіне қарасты «Алатау» арнасында бас редактор қызметін атқарды. 1994–1998 жылдары Сыртқы істер министрлігінде жетекші маман

Асқақ рухты көсемсөз шебері

Айтан Нүсіпхан шығармашылығы халықтың мәңгі жүрегінде



болып істеді. 1998–1999 жылдары Алматы қалалық қазақ тілі қоғамында бас маман болып істей жүріп «Түркістан» газетінің қосымшасы «Қоныс» газетінің бас редакторы болып,

қазақ тілінің мәртебесін көтеруге және Көші-қонға қатысты заңдарды қабылдау ісіне тікелей араласып, қыруар жұмыс атқарғанына куәміз. Айтан ағаның айта қаларлық ерен еңбегінің бірі – Мұстафа Шоқайдың әр кезде жәдитше жарияланған мақалаларын жинап, бүгінгі жазуға түсіріп, тамаша алғысөзін жазып «Мұстафа Шоқай» атты екі томдықты баспадан шығарып кетті. Айтан аға – қытай, ұйғыр, орыс тілдерін жетік меңгерген еді, көптеген күнды саяси талдау мақалалардың авторы. Оның Шыңжаңдағы «мәдени революцияға» арналған «Аласапыранмен өткен төрт жыл» атты кітабы 1980 жылы «Қазақстан» баспасынан шықты. Ал «Қайғынды қайран, қазақ, арқаладым» атты екі томдығы 2002 жылы «Сорос» қайырымдылық қорының қаржылай көмегімен жарық көрді.

Халқымыздың ардақты перзенті жайлы Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхаметжанов былай деп жазған еді: «...Мұстафа Шоқай атындағы халықаралық сыйлыққа Айтан Нүсіпханды ұсынудан бұрын біз көп ойланып, толғандық. Мұншама беделді сыйлықтан үміткер адамға қойылатын шарттарды сараладық. Біздің түсінігімізде, Мұстафа Шоқай атындағы сыйлық ең алдымен өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақ ұлтының, қала берді, күллі түркі жамиятының азаттығы мен еркіндігі жолындағы күреске біржола бағышталған, ел басына күн туған екіталай шақтарда халқының ар-намысын еш тайсалмастан қорғап, сөзін сөйлеген, осы жолда айрықша сіңірген еңбегіне сай жұрт құрметіне бөленген қайраткерге берілуге тиіс. Айтан Нүсіпханның өмірі мен қызметі осы айтылғандардың бәріне сәйкес келеді».

Теледидар, радио, газет-журналдар арқылы асқақ рухты көсемсөз шебері, терең білімді саясаткер ретінде де Алашқа аты танылған Айтан Нүсіпханның республика тәуелсіздігі, ұлттық саясат, ұлттық тіл, сондай-ақ қазақ диаспорасының жай-күйі жайлы жазғандары мен айтқандары жұртшылықтың жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай айтулы тұлғаны мәңгі есте қалдыру үшін Алматы қаласының бір көшесіне есімі берілсе, нұр үстіне нұр болар еді.



ТУРНИР

Ерлік ескерусіз қалмайды

Алматыдағы қазақ спортының қарашанырағы – Қазақ спорт және туризм академиясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай, Желтоқсан оқиғасының құрбаны Ербол Сыпатаевтың жұлдесі үшін Алматы қаласы ЖОО студенттері арасында Қазақ күресінен турнир өтті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Желтоқсан оқиғасының қаһарманын еске алуға арналған турнирде Алматы қаласындағы жоғару оқу орындарының 70-тен астам студенті бақ сынады.



Жарыстың ашылу салтанаты Ербол Сыпатаевты бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Одан соң желтоқсаншылар боздақтардың өмірінен сыр шертіп, солардың арқа-лаған аманатын жастарға үлгі етіп, елінің патриоты болуға шақырды.

Тартысты өткен бәсекеде 10 команданың ішінен төмендегідей жоғары оқу орындары топ жарды:

1. Қазақ спорт және туризм академиясы;
2. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
3. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері медальдармен, бағалы сыйлықтармен және I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Сайыс соңында турнирді ұйымдастыруға өзіндік үлес қосқан желтоқсаншылар мен академия ұжымы марапатталды.

Гүлбаһрам ЖҮНІС,
Республикалық «Желтоқсан-86 – Тәуелсіздік қырандары»
қозғалысының төрайымы:

– Бұл турнирді жыл сайын өткізіп келеміз. Пандемиялық жағдайға байланысты бір жыл өткізілмей қалды. Дегенмен де, биыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына байланысты осы турнирді ұйымдастырып отырмыз. Бұл бәйге 9 санаттан құралған. Тәуелсіздікке қол жеткізуге үлкен ықпалын тигізген боздақтарымызды еске алу мақсатында осындай жарыстар өткізген дұрыс. Қазақ атамyzдың «өлі разы болмай, тірінің тірлігі оңбас» деген сөзі бар ғой. Желтоқсан оқиғасынан аман қалғандарымыз шаңырақ көтеріп, балалы-шағалы болып, өсіп-өніп жатырмыз. Ал біздің марқұм, қыршын болып кеткен арыстарымыз арамызда жоқ. Олар біз жеткен керемет бақытқа жеткен жоқ. Сондықтан әрбір атқан таңымызда соларды еске алып, әрқашан құрметтеп жүруіміз керек.

КИКБОКСИНГ

6 алтын, 1 күміс, 10 қола!



15–24 қазанда Италияда кикбоксингтен өткен ересектер арасындағы әлем чемпионатына 65 мемлекеттен 1600-ге жуық спортшы қатысты.

Қазақстан құрамасы Лидо-ди-Иезоло қаласында ұйымдастырылған бұл бәсекеде 6 алтын, 1 күміс және 10 қола

медалды қанжығаға байлады. Жерлестеріміздің арасында Дінмұхаммед Баймұратов, Нұрсұлтан Жұмабаев, Ерлан Шағбан, Максат Үсіп, Нұрдаулет Қалшора, Фазлелдин Сафаров алтыннан алқа тақса, Азамат Өтемісов күміс медальды иеленді. Ал Шыңғысхан Тілемісов, Дулат Дүйсенов, Батырхан Қуандықов, Ариза Сманова, Серікбол Ермеков, Берік Халықов, Жандос Назарбеков, Дидар Төлебаев Бибарыс Сауханбек, Әділ Мырзағали қола жүлдегер атанды.

ФУТБОЛ

Қола жүлде қолда тұр

Футболдан Қазақстан премьер-лигасының аяқталуына бір ғана түр қалды.

24-тур нәтижесі бойынша 56 ұпаймен «Астана» көш бастап келеді. Одан кейінгі орындардағы «Тобылдың» – 55, «Қайраттың» – 47 ұпайы бар. Күні бұрын қола жүлденің иегері атанған Алматының «Қайраты» премьер-лиганың 25 турында да жақсы ойын көрсетті. Жерлестеріміз елордалық «Астананы» қабылдап, 1:0 есебімен (Небойша Косович) басым түсті.

Ел чемпионатының соңғы туры алдында Қарағандының «Шахтерін» 4:1 есебімен тізе бүктірген Қостанайдың «Тобылы» көш бастап тұр.

Елордалықтар соңғы, шешуші кезеңде «Арыспен», «Тобыл» футболшылары «Ақжайықпен» күш сынасады.

Соңғы тур 30 қазанда өтеді. «Астана» мен «Тобылда» әлі бір-бір ойыннан бар. Бұл ойындардың нәтижесіне қарамастан «Қайрат» биылғы чемпионаттың қола медаліне қол жеткізіп отыр.



БОКС



Қарсыластар анықталды

Сербия астанасы Белград қаласында бокстан басталған әлем чемпионатында қазақ спортшыларының алғашқы қарсыластары белгілі болды. Әлем чемпионатына қатысатын боксшыларымыздың қарсыластары мыналар:

- 25 қазан**
57 килограмм: Серік Теміржанов – Энх-Амар Хархуу (Моңғолия).
67 килограмм: Абылайхан Жүсіпов – Ю Линь (Тайпэй).
26 қазан
51 килограмм: Сәкен Бибосынов – Хасанбой Дусматов (Өзбекстан).
75 килограмм: Нұрқанат Райыс – Стефан Савкович (Черногория).
27 қазан
71 килограмм: Асланбек Шымбергенов – Фархад Моради Аташгах (Иран).
86 килограмм: Бек Нұрмағанбет – Кено Мачадо (Бразилия).
28 қазан
+92 килограмм: Нұрлан Сапарбай – Аюба Гадфа Дрисси (Испания).
29 қазан
54 килограмм: Махмұд Сабырхан – Ин Кю Ким (Оңтүстік Корея).
60 килограмм: Саматәлі Төлтаев – Тамба Соргор (Сьерра-Леоне) / Хунатип Пиднуч (Таиланд).
92 килограмм: Айбек Оралбай – Матеуш Березницки (Польша).
30 қазан
48 килограмм: Теміртас Жүсіпов – Мұхаммет Унлу (Түркия) / Омер Аметович (Сербия).
63,5 килограмм: (1/16). Санатәлі Төлтаев – Владимир Чеботарь (Молдова).
80 килограмм: (1/16). Нұрбек Оралбай – Исаяс Фильо (Бразилия).

САМБО

Аида Тойшыбекова – әлем чемпионы!

Грекияның Салоники қаласында самбодан жастар және жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтті.

Әлемнің отызға жуық елінің балуандары қатысқан бұл бәсекеде жерлесіміз Аида Тойшыбекова 80 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды. Тағы бір қазақстандық балуан Алдияр Қарғұлов 53 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдеге ие болды. Жалпыкомандалық есепте Қазақстанның жастар құрама командасы жарысты Ресей мен Өзбекстан самбошыларынан кейінгі жүлделі үшінші орынмен аяқтады.



ТЕННИС



Жұптық сында чемпион атанды

Қазақстандық теннисші Жібек Құламбаева Қарағандыда өткен жұптық сында ITF W25 турнирінің жеңімпазы атанды.

Ол поляк қызы Мартина Кубкамен бірге финалда сербиялық Тамара Кузович – эстониялық Елена Малыгина жұбымен бас жүлдені сарапқа салды. Тартысты бәсекеде қазақстандық-польшалық жұп 7:5, 6:4 есебімен жеңіске жетті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



COVID-19

Эпидемиологиялық ахуал тұрақты

Алматыда коронавирус жұқтырған 1205 науқас ем қабылдап жатыр. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының өкілдері айтты.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

24 қазан күнгі ақпарат бойынша, бір тәулікте шаһарда 231 адам коронавирус жұқтырған. Мұның ішінде симптомды, жеңіл және орташа деңгейдегі белгілермен – 219, симптомсыз 12 науқас тіркелген. Барлық емделіп шыққандар – 18, келіп түскені – 63.

Инфекциялық стационарларда (жалпы төсек-орын саны – 2334) 1255 адам ем қабылдап жатыр. Оның ішінде 33-і бала. Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 119 адам жатыр. Ал 24 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппа-



ратында 66 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 19 аппарат жұмыс істеп тұр.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек мобильді бригадаларының және Телемедицина орталығының амбулаториялық бақылауында 2653 пациент бар. Оның ішінде вирус белгілері бар, орташа ауыр жағдайда – 2562 науқас. Ал 91 адамда коронавирус белгілері жоқ.

Сонымен қатар, Алматы қаласы бойынша бір тәулікте ковидке

қарсы екпенің 1-ші компонентін 500 адам, 2-ші компонентті 686 адам алған. Жалпы, биылғы 1 ақпан мен 24 қазан аралығында қала бойынша 1-ші компонентті 987 305 адам, 2-ші компонентті 915 242 адам салдырған. Вакцина алғандардың ішінде 120 144 адам жасы 60 жастан асқан кісілер.

Бүгінгі таңда қалада барлығы 137 вакциналау пункті жұмыс істейді. 205 вакцинация бригадасында 733 медицина қызметкері жұмылдырылған.

ПСИХОЛОГИЯ

Пандемия зардабы психикаға соққы болды

Коронавирус пандемиясы адамзаттың психологиясына көп кері әсерін тигізді. Ақпарат жылдам тарайтын заманда вирус туралы сан түрлі алыпқашпа жаңалықтар елдің көңілінде үрей туғызды. Бұл туралы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде өткен баспасөз мәслихатында психиатрия саласының жетекші маманы айтты.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Жиын барысында В.М.Бехтерев атындағы Ұлттық медициналық психиатрия және неврология зерттеу орталығының директоры Николай Незнанов пандемияның адам психологиясына қалай әсер еткенін айтты.

«Кез келген қорқыныш адамның миына теріс әсер етеді. Егер адам ауру жұқтырып аламын деп қорықса, адамның ағзасы жалған симптом сезінуі мүмкін. Коронавирус адамдардың психикалық жай-күйіне әсер еткендіктен біреулер жұмысынан

айырылды, біреулер ішімдікке салынды. Тек вирус қана емес, адамдардың өзін-өзі оқшаулауы, бір-бірімен қатынасты үзуі



адамдарды күйзеліске түсірді», – деді дәрігер.

Маманның айтуынша, вирус туралы ақпараттар толқыны көбейген сайын адамдар жағымсыз эмоция сезінеді. «Жағымсыз ақпаратты жиі көріп, көп ести бергеннен біреу ашуланшақ болып кетеді, енді біреу тұйықталып қалады. Бұл енді адамдардың ішкі сезімталдығына байланысты. Қандай жағдайда да адам баласы өмірдің кез келген соққысына дайын болу керек. Сондықтан қорқыныштан арылу үшін миды тыныштандыратын іспен айналысқан абзал», – дейді ол.

Дәрігер күйзелістен шығу үшін дәрі-дәрмекті көп қабылдауға болмайтынын да ескертті. Өйткені, антидепрессанттар көңіл күйді тұрақтандырғанмен, күйзеліске ем болмайды.

АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

«Қазнет» қолданушылары биылғы оқу жылында мектеп асханаларында балаларға КВИ-ға қарсы вакцинасы бар йогурт, айран және ряженка міндетті түрде берілетіні туралы бейнеролик таратуда. «Осылайша мектеп оқушылары ата-аналарынан жасырын түрде вакцинацияланады». Бұл ақпаратты ресми органдар жоққа шығарды.

Жаңалықтар порталдарында Ресейде қышқыл сүт өнімдері түрінде вакциналар жасала бастағаны туралы

Екпе тағам түрінде беріле ме?

ақпарат болды. Алайда, ғалымдар ерекше дәрі-дәрмектерді жасауға енді ғана кірісті. Бүгінгі таңда дайын өнім ұсынағындай жұмыс әлі аяқталған жоқ. COVID-19-дан қорғайтын йогурттар, айран және ашытылған сүт әлі клиникалық сынақтардан өтпеген және нарыққа кірмеген.

– Бұл ақпарат шындыққа жанаспайды. Елімізге азық-түлік түріндегі вакцина әкелінген жоқ, – деп

хабарлады ведомствоның баспасөз қызметі.

Еліміздегі мектеп асханаларында КВИ-ге қарсы иммундау препараттары бар өнімдер ұсынылмайды. Ал балаларды вакцинациялау тек ата-аналардың немесе қамқоршылардың жазбаша ақпараттандырылған келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Әзірлеген
Айкерім НӘДІШБЕКОВА.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Күнделікті өмірде біз байқай бермейтін қаншама оқиғалар, күрделі әрі қарапайым өзгерістер бар. Біз бүгін өмірдегі ең маңызды құндылық – адам туралы қызықты деректер топтамасын ұсынамыз.

• Адам қабырғасы 1 жыл ішінде 5 миллион рет қозғалыс жасайды.
• Адам қаңқасы әр 3 ай сайын өзгеріп отырады.

Асқазан да қызарады

• Сусыз 2-3 күннен артық өмір сүре алмаймыз.
• Адам ұялып қызарғанда онымен бірге асқазаны да қызарады.
• Адамға ұйықтап кету үшін орта есеппен 7 минуттай уақыт қажет.
• Кәдімгі адамның көзі 160-қа жуық түстерді ажырата білсе, жаттыққан суретшінің көзі

10 мыңға жуық түс пен реңкті ажырата алады.
• Адам көзі 60–80 минуттан кейін қараңғылыққа толық бейімделеді.
• Өйелдер еркектерге қарағанда көзін 2 есе көп жыпылықтатады.

Әзірлеген
Айым НҰРМАН.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

РЕВАКЦИНАЦИЯ КЕРЕК

АҚШ ғалымдары балаларға салынатын Pfizer вакцинасының тиімділігі 90%-дан асады деп мәлімдеді. Жалпы, бұл вакцина 5–11 жас аралығындағы өрендерге арналған. Елде келесі айдан бастап балаларға екпе салынуы мүмкін. Осы орайда Ақ үй әкімшілігі 28 млн. вакцинаға тапсырыс берген.

ШРИ-ЛАНКА 1 миллионнан астам адамға, атап айтқанда, қауіпсіздік қызметкерлеріне, дәрігерлерге, туризм индустриясының қызметкерлеріне ревакцинация жүргізеді. Бүгінгі таңда Шри-Ланкада 22 млн. тұрғынның 60%-дан астамы толығымен егілген.

ҰЛЫБРИТАНИЯ елінде «дельтаның» тағы бір түрі саналатын AY.4.2 вирусы пайда болды. Ол АҚШ, Ресей, Израиль және тағы да өзге елдерге жылдап тарап үлгерген. Мамандардың пайымдауынша, вирустың бұл түрі бастапқы штамға қарағанда 10–15%-ға жұқпалы болуы мүмкін. Осыған байланысты елдің премьер-министрі ел тұрғындарын вакцинаның үшінші, яғни бустерлі дозасын қабылдауға шақырды.

МОНГОЛИЯ елінде де ревакцинация жүргізіледі. Ел билігі егер халықтың 30%-дан астамы вакцинаның үшінші дозасын алса, жаңа КВИ жағдайларының санын азайтуға болады деп отыр. Зерттеу нәтижелері бойынша бустерлік дозаны енгізгеннен кейін 14 күн өткен соң антиденелер деңгейі күрт артады және вакцинаның үшінші дозасы «дельта» нұсқасынан қорғаудың тиімділігін арттырады.

Ревакцинация елде 25 тамызда басталған, ең алдымен медицина қызметкерлері және қарт адамдар үдеткіш дозаны алыпты. Енді 18 жастан асқан барлық азамат вакциналанады.



РУМИНИЯ да вакциналаудың баяу жүруінен зардап шегіп жатқан тағы бір мемлекет. Азаматтардың екпе салдыруға асықпауынан вирусты жұқтырғандар саны артып, өлім-жітім көбейген. Ковидтан қайтқандардың 93%-ы вакцина салдырмаған азаматтар көрінеді.

РЕСЕЙ жеріндегі ахуал да мәз емес. Онда да вакциналау баяу өтіп жатыр. Халықтың тек 34%-ы ғана екі екпе салдырған. Нәтижесінде күн сайын елде 35 мыңдай науқас анықталса, соңғы кезде індеттен қайтыс болғандардың саны бір мыңнан асып кеткен. Жалпы Ресейде апта бойы ауру жұқтыру мен өлім көрсеткіштері бойынша антирекорд тіркелді. Әсіресе, Мәскеу мен Санкт-Петербургте эпидахуал күрделі.

ДДСҰ басшысы Тедрос Адханом Гебрейесус коронавирусты жеңуге қолда барлық мүмкіндік барын, бірақ адамзат соны қолданбай отырғанын жеткізді. Ол ДДСҰ-ның 2021 жылдың аяғына дейін әр елде кем дегенде 40% халықты иммундау мақсатын еске салды. Сондай-ақ, вакцинаның жеткізілуін бақылайтын елдер мен компаниялар мәлімдемесі әрекетіне сәйкес келген жағдайда ғана мақсатқа қол жеткізуге болатынын баса айтты. Сонымен қатар, пандемияны тоқтату үшін вакциналарға зияткерлік меншік құқығын тоқтату қажет деп санайтынын жеткізген.

• УКРАИНАДА келесі айдың басында мұғалімдер мен мемлекеттік қызметкерлердің егілгені жіті тексеріледі.

• ФИНЛЯНДИЯ мен АВСТРИЯДА вакцина мен ПТР-тесттен бас тартқандар айыппұл төлейді.

• КАНАДАНЫҢ батысында да 5,5 мыңнан астам медицина қызметкері вакцинадан бас тартқандықтан жұмысынан айырылуы мүмкін.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

КЕРЕК КЕҢЕС

Теріскен текке шықпайды

Күн суытты. Теріскен адамды осы суық мезгілде көбірек айналдырады. Ал көп жағдайда арнайы гигиена ережелерін сақтамағаннан шығады. Инфекция көзге кір сүлгі, бет орамал, қол арқылы түсуі мүмкін. Имунитеттің төмендеуінен, ағзаның әлсіреуінен, қан аздықтан да шығады дейді дәрігерлер.

Теріскен көздің немесе қабақтың айналасында қызыл болып бөртіп шығады. 3-4 күннен кейін ісіктің бетінде ірің пайда болады. Көзде бөртпе пайда болысымен бірден офтальмолог-дәрігерге көріну керек.

Есіңізде болсын, теріскенді ешқашан қасуға болмайды. Теріскен шыққан кезде тональді крем жағып немесе қарындашпен бояйтын болсаңыз, теріскеннің әбден пісіп, жазылуына кедергі жасайсыз. Піскенде іріңді сығуға болмайды. Өйткені, инфекция тарап, асқынып кетуі мүмкін. Асқынған жағдайда қан тамырларға жайылып, соңы менингит, сепсис (жұқпалы аурудың ағзаға тұтас жайылып кетуі) дерттеріне ұласуы әбден мүмкін.

Бұл – тез жазылатын ауру, емді дәрігер белгілейді.

Әдетте дәрігер теріскенді емдеу үшін тамызатын, жағатын дәрі-дәрмектерді белгілеп, қыздыруды ұсынады. Ал үй жағдайында емдеудің қарапайым тәсілі: теріскен енді шыға бастағанда көзге таза сүлгіні сулап, ысытып басады немесе түймедактан тұнба жасап, сүлгіні тұнбаға малып ыстық күйінде басу керек. Қабығымен қайнатылған картоптың да пайдасы зор. Ол үшін қайнатылған картопты жылы күйінде қабағыңызға қоясыз. Теріскен шыққан кезде көбірек сарымсақ жеңіз.

Нұр ЖАМАЛ.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



Дені сау елдің келешегі де ашық,
алды даңғыл жол болмақ.
Сондықтан халық
денсаулығын нығайту –
мемлекеттік саясаттың
басым бағыттарының бірі.

Бақытжан
САГЫНТАЕВ.



ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Рас, әлемді уысынан шығармай ұстаған коронавирус Алматының денсаулық сақтау саласы үшін де үлкен сынақ болды. Бірақ қала билігі тарапынан жедел қабылданып, жүйелі түрде атқарылған ауқымды іс-шаралардың нәтижесінде індет біршама еңсеріліп, мегаполистің денсаулық сақтау мекемелері қалыпты ырғағына оралды.

«Коронавирустық инфекция эпидемиясы медицина мен денсаулық сақтауды дамытудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Иә, сапалы медициналық қызмет

көрсету және денсаулық сақтау объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету – әсіресе, коронавирустық инфекцияға қарсы күрес жағдайында біз үшін басым міндеттердің бірі. Бұған қол жеткізу үшін бірінші кезекте денсаулық сақтау инфрақұрылымын күшейту қажет болды. Соңғы екі жылда пандемияға қарамастан, екі модульдік аурухана мен жұппалы аурулар ауруханасының филиалы салынды. Қаланың 16 ірі стационарында оттегі станциялары орнатылды. Көріз суларын зарарсыздандыру

және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жүйелері жаңғыртылды. Ағымдағы жылы біз №6 қалалық емхананы, сондай-ақ ауданаралық туберкулезге қарсы диспансерді күрделі жөндеу және сейсмикалық күшейту жұмыстарын аяқтау есебінен инфрақұрылымды күшейту міндетін орындадық», – деді Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев.

Бұдан басқа, шаһар басшысының айтуынша, COVID-19 пандемиясына қарсы іс-қимыл шеңберінде жедел жәрдемді ба-

ғыттаудың жаңа моделін енгізу, негізгі клиникалық-диагностикалық бағыттар бойынша бас штаттан тыс мамандар институтын, қаланың барлық реанимация бөлімшесін бақылау үшін жедел ден қою реанимациялық тобын құру есебінен денсаулық сақтау жүйесінің жұмысы күшейтілді. Медициналық препараттар қорын қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектердің тұрақтандыру қоры, тәулік бойы жұмыс істейтін Пациенттерді бақылау орталығы мен Телемедицина орталығы жедел түрде құрылды.



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КҮНІ-ТҮНІ САПТА

Бүгінгідей пандемия кезінде медицинаның жедел жәрдем қызметіне жеделдік тән. Әрі күні-түні, 24 сағат бойы сапта тұруы тиіс. Ол үшін барлық жағдай жасалған. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының мәліметіне сүйенсек, автокөліктерді жөндеу мен қызмет көрсетуді ЖМЖС автожөндеу шеберханасының бөлімшесі жүргізеді. 2019 жылы 142 млн. теңгеден астам сомаға, 2020 жылы – 140 млн. теңгеге, 2021 жылдың 9 айында 49 млн. теңгеге қосалқы бөлшектер ауыстырылған. Сонымен қатар, автомобильдерді пайдалану мерзімін ұзартатын күрделі жөндеу жүргізілген. Қосалқы бөлшектер бойынша шығындар 2021 жылы лизингке 100 жаңа автомобиль алуға байланысты төмендеді. Жедел жәрдем көліктеріне «Hyundai Trans Auto» ЖШС, «Вираз-Сер-

вис Казахстан» ЖШС, «Lion autocenter Almaty» ЖШС сервис орталықтарында техникалық қызмет көрсетіледі. ЖМКС барлық бригадасы белгіленген нормативке сәйкес жасақталған.

Штат кестесіне сәйкес жедел жәрдем қызметкерлерінің саны – 3583. Оның ішінде дәрігерлер – 362, орта медициналық персонал (фельдшерлер) – 1899, санитарлар – 220, жүргізушілер – 922, өзге де персонал – 180.

2021 жылы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ ЖМЖС-мен 7,4 млрд. теңге сомаға шарт жасасты. ҚР Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы Жарлығына сәйкес ЖМКС дәрігерлерінің жалақысы 30%-ға, орта медициналық қызметкерлердің жалақысы 20%-ға артты. Жалақы кідіріссіз уақытында төленеді.



ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Алматының Онкологиялық орталығы заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған. Бұл жылына 2,5 мыңнан астам операция жасауға мүмкіндік береді.
- Мегаполистегі Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында жылына 150-ден аса күрделі операция жасалады.
- Жақында ғана жөндеуден өткен кардиохирургиялық бөлімшесіне 3D визуализациялаудың мүмкіндіктері бар заманауи торакоскопиялық тіреу қондырғысы орнатылған. Бұл жаңа аппаратура кеудені кеспей-ақ жүрек қақпақшаларына аз инвазивті операция жасауға және коронарлық шунттауды орындауға мүмкіндік береді.
- Алматыда ана өлімін төмендету үшін отбасын жоспарлау кабинеттері жұмысының тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар қабылдануда. Фертильді жастағы әйелдерді динамикалық бақылау енгізілуде.
- Перзентханаларда кадрлар тапшылығын жою және олардың біліктілігін арттыру мақсатында резидентурада 2021–2023 оқу жылдары 6 акушер-гинеколог, ал 2022–2024 жылдары 4 маман даярлықтан өтеді.
- Алматы төрінде еліміздегі тұңғыш томотерапия орталығы ашылды. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында ашылған мұндай бірегей орталық әлемнің небәрі 8 елінде ғана қолжетімді. Катерлі ісік ауруын емдеуде сәулелік терапия жүргізетін құрылғының арқасында дертіне дауа іздеген науқастар енді елімізде де емделе алады.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.
Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ТАНЫМ

ҚҰРМАН БАБА КЕСЕНЕСІ

аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде



АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ТАРИХИ МӘНІ ЗОР ТӨБЕ

Бүгінде көне тарих қайта зерделеніп, ұмыт болған дара тұлғалардың есімдері ел жадында қайта жаңғыруда. Алматы қаласының аумағында жатқан тарихи орындардың бірі – Құрман төбе. Тарихи төбеге 1970 жылдары археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Кесене – Алматы қаласының айналасындағы қорғандардың 28-іншісі. Қазба жұмыстары барысында батырдың сүйегі кәдімгі үйсіндік жерлеу әдістерімен жерленгені анықталып, тұтыну заттары табылған. Археологтердің зерттеуі бойынша, әу баста бұл Сақ қорғаны болған, кейін үйсіндер мекен еткен жерде орналасқандықтан, Үйсінтөбе аталған. Бұл төбеге Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлікпен қаза тапқан Құрман және оның серіктері жерленген. Сондықтан да ел мен жердің азаттығы үшін батырлығымен де, батылдығымен де, көсемдігімен де жұртын күреске жұмылдырған бір рулы елдің тұтқасы Құрман Әлмерекұлы жатқан мұрдеге ұрпақтары үнемі келіп, тәу ететін болған. Атеистік идеология жүргізген Кеңес заманында да көнекөз қариялар коммунистердің көзін ала бере жасырын барып, құран оқып тұрған. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап археолог-ғалымдар Карл Байпақов, Бекмұханбет Нұрмұханбетовтер осы төбені тағы да зерттеп, ондағы айғақтарды ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде осыдан он жыл бұрын өткен «Отан тарихындағы ерлік пен елдік дәстүр» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда жұрт назарына ұсынып, бұл төбенің тарихи мәнін ерекше атап өткен. Еліміздің ірі ғалымдары бас қосқан конференция соңында қаулы қабылданып, ондағы бір бапта осы Құрман Әлмерекұлы жатқан төбеге белгі қою мәселесі жазылған. Ол қаулы мәтіні республикалық басылымдардың бірнешеуінде жарияланды. Сол қаулыда айтылған ұсынысты жүзеге асыру мақсатында Құрман бабаның Мұрат Омаров бастаған ұрпақтары ол жерге зәулім кесене орнатты.

ҒЫЛЫМИ НАСИХАТ ЖЕМІСІ

– Бұрындары ел ақсақалдары осы төбеге арнайы келіп жиналатын. Сапарға аттанатындары ақ жол тілеп, «ауру-сырқаудан арылсам» дейтіндер де Құрман төбеге келіп, Құрман бабаға тәу етіп, кейбірі түнеп шығатын болған, кейбірі қасындағы қос бұлақтың суын емге ішетін. (Бұлақтың суын емге дәру ету бүгін де

бар). Кейіннен Құрман төбенің айналасына ел қоныстанып, үй салатын кірпіш керек болғанда әлдекімдер осы төбенің сары топырағынан қазып алып, кірпіш құйып, сатумен айналыса бастаған. (Өкінішке орай, төбенің топырағын талқандағандардың кейінгі өмірлерінде жолдары болмады.) 1997 жылдары бұл оқылықтар тоқтатылып, батыр бабамызға сол маңда қоныстанған ел азаматтары белгі орнатып, айналасын қоршады. Ал 2008 жылы «Құрман баба» тарихи-мәдени қорғамдық қоры құрылды. Өлкетанушы-заңгер Сайлау Толықбайұлы Ағыбаев басқаратын бұл қор тарихты ғылыми негізде тануға, танытуға және насихаттауға қатысты көп жұмыстар атқарды. Бірнеше рет ғылыми экспедициялар ұйымдастырды, бірнеше мәрте ғылыми-тәжірибелік мәжілістер өткізді. Бұқаралық ақпарат құралдарында ғылыми мақалалар жарияланды. Осындай ғылыми негізі бар жұмыстардың нәтижесінде бұл төбе енді бүкіл елдің игілігіне айналмақ. Әдетте кесенеге құран бағыштау үшін ғана келетін жұрт енді киелі жерге тәу етіп қана қоймай, рухынан нәр алып қайтатындай, мәдени-тарихи мәні бар шаралар өткізілетін әрі дем алатын халыққа пайдалы қасиетті орын болмақ, – дейді «Құрман баба» тарихи-мәдени қоғамдық қоры жанындағы ғылыми зерттеу тобының жетекшісі журналист-ғалым Сағатбек Медеубекұлы.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУДЫҢ» НӘТИЖЕСІ

Қаламыздың ең жас аудандарының бірі – Алатау ауданында биыл 30 нысанға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде Құрман баба кесенесін де ерекше атап өткен жөн. Мұнда жұрт қасиетті бабаға құран бағыштап, тәу етуге де, жер асты-



Ол жерде оқырмандар «Шаңырақ-2» ықшамауданын «Құрман ауылы» деп атау туралы мәселе көтерген еді. Себебі, осы ауданның Балдырған көшесі мен Қ.Тұрысов көшесінің қиылысында жоңғар шапқыншылығы кезінде ел намысын ту етіп, ерлікпен қаза тапқан Әлмерекұлы Құрман батыр жатыр. Құрман батыр бастаған жауынгерлердің ел азаттығы үшін үлкен шайқасы болған жер. Бұл жер оған дейін де тарихи мәні бар төбе болатын. Археолог-тарихшы ғалымдардың айтуынша, бейіт Үйсін қорғанының үстіне тұрғызылыпты. Мұның өзі ұрпақ жадындағы тарихи сананың сабақтастығын аңғартады. Уақыт өте келе, XX ғасырдың 30–37 жылдары сталиндік-голощекиндік жүйенің қуғын-сүргінінің құрбандары да осында жерленген екен.

– Құрман Әлмерекұлы – Жетісу өңірі ғана емес, тұтас қазақ халқы құрмет тұтатын тұлға. Ол кісі Жәнібек бауырымен бірге Талғар, Түрген үшін қалмақтармен болған соғыста небір жекпе-жектерге шығып, ерен ерлігімен көзге түскен және бүгінгі Еңбекшіқазақ ауданына қарасты жерлер мен Алматы айналасын иелігінде ұстаған. Батырдың мұрдесінің қазіргі «Шаңырақ» жеріне қойылуының өзі де осы деректі нақтылаганы. Осы ауданда «Шаңырақ» деп аталатын ықшамаудандар бірнешеу. Солардың бірі – «Шаңырақ-2» ықшамауданына Құрман бабаның есімі берілсе деген ұсынысты халық бұрыннан айтып келеді. Шындығында, кейінгі ұрпаққа өнеге болар еді, ел тарихын ұмытпас еді, – дейді «Құрман баба» қоғамдық тарихи-мәдени қорының президенті Сайлау Ағыбаев.

– Ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлға болған. Осы ұлттық тұлға тұғырына көтеріліп, аты аңызға айналған, тарихта есімдері қалған сан мыңдаған батырлар бар. Осылардың бірі де, бірегейі Құрман атамыз десек, артық айтпағанымыз болар. Осынау батырымыздың есімін ұлықтап «Шаңырақ-2» ықшамауданына Құрман батырдың атын берсек, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді суретші-дизайнер Мағауия Әденұлы.

– Ата-бабаларымыз бұрыннан «Құрман төбе» атап кеткен тарихи ескерткіш бас-аяғы 10–15 жылдың ішінде үлкен елдімекенге айналды. Қоныстанушылар Құрман бабаны кие тұтады. Оның айналасын қоршап, өз күштерімен белгі қойды. Осынау белгі үлкен кесенеге айналып, бүгінде тұрғындардың барлығы келіп кие тұтатын мекенге айналды. Негізінде, Құрман батыр есімінің жиі атала бастауы көңілге қуаныш ұялатады. Қазақ халқының білікті де білгір ғалымдары бүгінгі ұрпаққа батыр бабамыз жайлы баяндама жасауда. Сондай-ақ, Құрман батырға байланысты Б.Айнабеков, С.Медеубеков, Б.Нұрмұханбетов, С.Ағыбаев және басқалар мақала, ғылыми еңбектер жазуда. Құрман батыр – ел тарихындағы елеулі тұлға, – дейді «Әлмерек баба» мәдени-тарихи қорының төрағасы Ысқақ Молдәлімұлы.

«ШАҢЫРАҚ-2» ҚҰРМАН АУЫЛЫ АТАЛСА...

«Almaty aqshamy» газетінің 2010 жылғы 27 ақпан күні шыққан санында оқырмандардың хаттары жарияланған болатын.





ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

ҒЫЛЫМ – басты басымдығымыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз» деп, ғылымның әлеуетін пайдалануға қатысты маңызды мәселеге арнайы тоқталған болатын. Осыған орай, еліміздегі тіл білімін дамытуға барынша үлесін қосып келе жатқан ғалымдарымыз біршама.

Қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік мектебін қалыптастырған көрнекті ғалымдар бар десек, солардың бірегейі академик Рәбиға Сыздық екені сөзсіз. Тіл ғылымының бірнеше саласы бойынша іргелі зерттеу жүргізіп, артында өшпес мұра қалдырған Р.Сәтіғалиқызының ғылым жолындағы талаптарын орындап, ұстанымын меңгеріп, ұлағатты ұстазға лайықты жәкірті бола білгендердің бірі – профессор Айман Алдаш. Түркітану саласының көшбасында тұрған ардагер ұстаз академик Ә.Т.Қайдардың «70 – қоғамның басқа салалары үшін қартайып, зейнетке шығатын жас болса, ғылымда ізденіс жасау үшін зерттеушінің жетіліп, толысып, нағыз кемелденген шағы болса керек. Сондықтан ендігі жерде бар күш-қайратымды ғылымға арнап, өмір бойы жиған-тергенімді хатқа түсіріп, халық игілігіне жаратуға ниеттендім», – деген екен. Сөйтіп, ширек ғасырға жуық уақытта 40 шақты еңбек жазып, көпшілікке тарту етіпті. Ендеше, Айман Мырзалықызының ғалым ретінде кемелдену шағы басталды деп санауға болса керек. Саналы ғұмырын ғылым мен білім беру ісіне арнаған ғалым онға жуық монография, бірнеше лексико-графиялық еңбек, екі жүзден аса ғылыми мақала, көптеген оқулық пен оқу құралын жазып, ана тіліміздің дамуына үлес қосты.

Ең алдымен, ғалым адамдардың жалпы мәдениетінің көрсеткіші ретінде көзге бірден түсетін сөз мәдениетіне айрықша көңіл бөлген. «Сөз мәдениеті» монографиясында қазақ әдеби тілінің сөздік қорындағы жаңа қолданыстар, ғылым тілін біріздендіру, терминдер аудармасы сияқты күрделі мәселелерді зерделеп, өзіндік тұжырымдарын ұсынған. Күн сайын өзгеріске ұшырап, жаңа сөздермен толығып отыратын сөздік құрамдағы жаңалықтарды жеті бақылап, маман ретінде елеп-екшеп отыратыны байқалады. Зерттеушінің заман ағымына қарай қоғамның әр саласына толассыз еніп жатқан терминдерді таңдау, қалыптастыру мәселелеріне де атсалысып, өзіндік пікірін айтып, төл сөздеріміздің терминге айналу мүмкіндігін бағамдауға арналған еңбектері де біршама: «Қазақ әдеби терминологиясының қазіргі жай-күйі», «Терминдерді қалыптастыру мәселелері», «Бекітілген терминдер қатарындағы төл сөздердің әлеуеті», т.б. Сондай-ақ, профессор А.Алдаш қазіргі өміріміздің ажырамас бөлігіне

айналған медиакеністіктегі жаңа қолданыстарды да назардан тыс қалдырмайды. БАҚ тіліндегі өзгеріс, ауыс-түйістерге үнемі үн қосып отырады. Мұны «Қазіргі мерзімді баспасөз тілі: тілдік-стильдік жаңғырулар», «Медиалингвистика: қазіргі масс-медияның әлеуметтік сипаттамасы және сөз қолдану ерекшеліктері» еңбектерінен байқауға болады.

Білім беру саласындағы сан жылдық еңбектерінің жемісі бірнеше оқулық, оқу құралы түрінде жарық көріп, әдістемеші педагогтердің кәдесіне жарады. Сонымен, профессор А.Алдаштың ғылыми мәтін түзудегі ерекшеліктерін былайша санамалап беруге болады: Ғалым қай салаға қатысты проблеманы көтерсе де, ғылыми еңбегінде логикалық тұтастықты сақтайды. Соның арқасында ғылыми жұртшылық оның зерттеулерін көркем мәтін сияқты бір демен оқып шығады. Зерттеуші үнемі оқырманды жақын тартып, оның назарын зерттеу нысанына аудару және шоғырлану мақсатымен бірқатар тілдік құралдарды жүйелі түрде қолданады. Яғни қарым-қатынастың ресмилік сипатын солғындатып, аудиторияны өзіне барынша жақындату арқылы автор ойын түсінікті етіп жеткізуді жеңілдетеді. Автор қай мәселені қарастырса да оны міндетті түрде нақты дереккөздерден алынған мысалдармен дәйектеп отырады. Бұл – мәліметтің шынайылығын арттырып, дұрыс тұжырым жасауға негіз болатын ғылыми стильдің шарты. Ғалым қарастырып отырған проблеманың кемінде екі қырын санамалап беруді дағдыға айналдырған. Бұл да – мәтін авторының ұтымды бір прагматикалық тәсілі. Зерттеушінің негізгі саласы жаңа қолданыстармен, өзге тілдерден аударылып берілетін, ауысып келетін жаңа жұмсалымдармен тікелей байланыста болғандықтан, сөзжұмсамаға орнығып үлгермеген кірме атаулар мен терминдерді олардың ана тіліміздегі баламасымен қатар жақшаға алып ұсынуы – әсіресе, жас ізденуші үшін таптырмас тәсіл деуге болады. Ғалымның қарапайым да көркем мінезі, қарым-қатынастағы талғампаздығы, сырт пішіндегі әдемілік пен ішкі дүниесінің сұлулығындағы үйлесімділік, «ақырын жүріп, анық басатын» байсалдылығы, ішкі мәдениетінің жоғарылығы, ғалымға тән зиялылығы баршамаңызға үлгі.

Қалбике ЕСЕНОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры.

Туған елін ту еткен

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – «100 нақты қадам», «Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел» бағдарламаларының жаңаша жалғасы. Мұның барлығы – Қазақстанның ең әуелі өзінің рухани тұтастығын, экономикалық бет-бейнесін, саяси әлеуметтік болмысын тәуелсіз ел ретінде сақтап қалуына мүмкіндік беретін негізгі критерийлер.

Президенттің Жолдаудағы тапсырмалары мен міндеттері Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі тәуелсіз ұлттық мемлекет ретінде тұрақтануына жол ашатынына сенім мол. Осы орайда жері шұрайлы Жетісудың жыры шырайлы шайырларының бірі – Тұрсынғазы Медетбековтің тәуелсіздікке дейін және егемендік жылдары ел экономикасы мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесіне тоқталсақ дейміз.

Уақыт талабына сай партия, кеңес, комсомол органдарында бірінші басшы болып қызмет атқарған мемлекетшіл азамат Тұрсынғазы Медетбеков Алматы мал дәрігерлік институтын бітірісімен еңбек жолын өз мамандығы бойынша зоотехник болудан бастады. Көп оқып, көп ізденудің нәтижесінде өзіне тапсырылған міндетті іскерлікпен атқара білді. Аудандағы құрама жем зауытын, құю цехын, тағы да басқа жем-шөп цехтарын салуға тікелей мұрындық болды. Екінші хатшы болып қызмет атқарған жеті жыл ішінде Қаратал өңірінде құрылыс саласы ерекше қарқын алды. 5 орта мектеп салынды. Сонымен қатар, Бірлік, Көлпе, Үшгөбе, тағы да басқа елді мекендерде барлығы 8 балабақша, үш Мәдениет үйі пайдалануға берілді.

Тұрсынғазы Медетбеков 1991 жылы еліміз егемендік алып, демократия қалыптаса бастаған шақта баламалық тәсілмен Қапал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Тәуелсіз елдің алғашқы іс-әрекеттерінің пәрменді болуына, берік негіз қалануына үлес қосады. Бұдан соң Қапал аудандық кеңесінің төрағасы, Талдықорған облысы әкімінің орынбасары –

мемлекеттік мүлік жөніндегі облыстық комитетінің төрағасы қызметтерін ойдағыдай атқарды.

Сан-салалы қызметтің құлағын ұстап жүрсе де, ара-арасында кітап оқуға, қолына қалам алып, ойына түскен құнды дүниелерді қойын дәптеріне түсіріп қоюға уақыт таба білді. Тұрсынғазы Медетбековтің ұзақ жылғы жазған жырлары мен жазбалары «Желдіқара жаңғырығы», «Қайран Кербез», «Бесшағыл», «Алып тұлға байсалды...» кітаптарында жарық көрді.

Бүгінде ақсақалдық жасқа жеткен маңғаз Медетбеков үйреншікті дағдысы бойынша, газет-журналдарды жібермей оқиды. Президент Жолдауын түгел оқып шықты. Айтар ойы мен ұсынысы да жоқ емес. «Бірінші байлық – денсаулық» демекші, әңгімені медицина саласынан бастады.

Жолдаудағы «Бөлінген қаражат Қазақстан халқының денсаулығын нығайтуға, коронавирус екіспесінен бөлек жоспарлы екеп салуға жұмсалуда тиіс. Сонымен бірге, отандық дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтардың үлесін 50 пайызға жеткізу керек», – деген Мемлекет басшысының тапсырмасын негізге ала отырып, еліміздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім екенін, алдағы уақыттарда олардың санын арттыру жөніндегі президенттік міндетті қолдайтынын жеткізді. Туған елін ту еткен азамат осындай болса керек.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ,
«Қазақстанның құрметті журналисі».



Тәуелсіздік – елімнің тұғырлы тірегі

1991 жылдың желтоқсанында Отанымыз – Қазақстан өзін «Тәуелсіз ел» деп жариялады. Сол уақыт халқымыз үшін аумалы-төкпелі кезең болып, алдымыздан тек қиындықтар мен еңсеретін сынақтар ғана күтіп тұрған еді. Алайда, халқымыз тарих талқысына түскен сын сағатта сабырлық танытып, жеңіп шықты.

Осыдан отыз жыл бұрын бүкілхалықтық сайлауда халқымыз Н.Назарбаевты Елбасы ретінде танып, тәй-тәй басқан жаңа мемлекеттің тағдырын қолына сеніп тапсырды. Сол Елбасымыз бұл жауапкершіліктен бас тартқан жоқ. Қандай қиын іс болса да бел шеше кірісті. Көрегенді саясатын жүйелі қолданып, іргемізді бүтіндеп, шекарамызды бекітіп, алыс-жақын көршілерімізбен келелі келіссөздер жүргізді. Бәріне уақыт пен тарих және бүгінгі ұрпақ куә!

Уақыт – зымыран. Көзді ашып-жұмғанша бізді Тәуелсіздіктің 30 жылдық белесімен беттестірді. Иә, біз үшін ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – тарихи маңызы зор мереке! «Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен, бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы 30 жылдықты мерекелеу барысында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы – Тұңғыш Президентіміздің тарихи рөлі ерекше аталып, Елбасы саясатының сабақтастығы барлық іс-шаралардың идеологиялық өзегі болуы шарт екенін атап көрсетті. Біз осы уақыт ішінде әр сала бойынша кәсіби деңгейге көтерілдік, озық елдердің тәжірибесін өзімізге пайдаландық, біршама биік белесті бағындырған жетістіктерге жеттік. Нәтижесінде Тәуелсіздіктің арқасында алға қойған жоспарлы бағдарламаларды орындауды қолға алып, әлем елдерімен тереземіз тең болды. Осы орайда еліміздің қаржы саласын бір жүйеге келтіріп, мемлекетті дағдарыстан алып шығудың және дамытудың негізгі механизмі саналатын, мемлекет бюджетін бақылап реттейтін еліміздің Қазынашылық департаменті 1996 жылы құрылып, өз жұмысын бастады. Бүгінде жаңарған уақытпен бірге дамыған әлем кеңістігінде еліміздің басты бағбан-тірегі

саналатын Алматы қазынашылық қызметі жаңа заман талабы бойынша электрондық-цифрлық жүйеге көшіріліп, толықтай автоматтандырылды. Соның арқасында Қазынашылық комитеттің күрделі жұмыстары онтайлы өзгерістердің арқасында біршама қарыштады. Сонымен қатар, Қазынашылық комитетіне қарасты барлық облыстық, қалалық департаменттер Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында барлық іс-шараларды өткізуге мұрындық болып, демеушілік жасап атсалысуда. Тек қана материалдық көмек емес, рухани жағынан да игі істі қолға алған Алматы қаласының Қазынашылық департаментінің қызметкерлері елімізге белгілі өнерлі тұлғалармен кездесу кеші мен түрлі флешмобтар ұйымдастырса, әр филиалдағы жас мамандарымыз қалалық спорттық байқаулар мен марафондарға белсене қатысып, жүлдеге ие болып жүр.

Кең көсілген Отан табиғатын қорғау да – әр адам алдындағы зор абырой мен міндет! Осы орайда біздің ұжым бірнеше жыл қатарынан «Табиғатты аялайық!» атты тазалық акциясын ұйымдастырып, адамдарды табиғатты аялауға, айналаны таза ұстауға тәрбиелеу, туған өлкені жасыл желекпен көмкеруге шақырып келеді.

Қашанда республикалық және жергілікті бюджеттердің көлемінің артып, ұлғаюына, ел экономикасының тұрақты дамуына септігін тигізіп, өзіне артылған міндеттерді іске адал асыратын Алматы қаласының Қазынашылық департаменті елдің тұғырлы тірегі саналатын Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығының тойлануын ойдағыдай жалғасса деп тілейді.

Ж.АБЫЗОВА,
Мемлекеттік бюджетті атқару басқармасының басшысы.

Әр азаматтың еңбегі бар

Мемлекеттің саясаты ең алдымен еліміздің рухани дамуы мен патриоттық тәрбиеге бағытталған. Қазақстан – ұлы мемлекет. Бүгінгі Қазақстан еркін және тәуелсіз ел атануы үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жанын беріп, жанын салды.

Тәуелсіздік, бұл – Қазақстанда тұратын барлық халықтардың еңбекқорлығы мен достығының нәтижесі. Қазіргі уақытта осы еркіндігіміздің арқасында жастарымызға арналған түрлі жобалар ұйымдастырылуда. «Жас кәсіпкер» жобасы жалынды жастардың кәсіппен айналысуына, ел экономикасын арттыруға мұрындық болып келеді. Сондай-ақ, баспаналы болуға мүмкіндік беретін түрлі жобалар бар. Олар мыңдаған отбасыға қуаныш пен бақыт сыйлауда. Менің ойымша, еркіндік – елдің ең басты құндылығы. Осынау азаттығымыздың арқасында әрбір азамат бақытты да баянды ғұмыр кешуде. 30 жыл ішінде еліміз дамудың даңғыл жолына түсіп, қарыштап дамыды. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидагындағы мемлекеттер танытындай, сыйлайтындай деңгейге

жеткізген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаткерлік ерен еңбегін әрқашан да мақтана айтамыз. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Елбасы саясатын одан ары жалғап, жаһандық жаңа ахуал жағдайындағы жүрер жолымызды, барар бағдарымызды белгіледі. Халықтық реформалар арқылы жаңа деңгейдегі мемлекетке айналуы көздейтін маңызды бастамалар іске асырыла бастады. Соның ішінде медицина саласында да елеулі өзгерістер мен сан алуан жанашылдықтар енгізілді, медициналық көмек көрсетудің жаңа бастамалары мен әлемдік деңгейде қолданылатын жаңа медициналық құрылғылар пайдаланылуда. Сонымен бірге, медицина қызметкерлерін қолдау алдыңғы қатардағы мәселелердің бірі болып табылады.

Әлеуеті бүгінгіден әлдеқайда аз болған заманда да егемендік туын еңкейтпеген қабырғалы халқымыз бұл кезеңнен де абыроймен өтеріне бек сенеміз. Тәуелсіз еліміздің әрі қарай өркендеуі мен дамуы әрбір Қазақстан Республикасы азаматының ерен еңбегінің жемісі деп санаймын.

А.ЖАҚАНБАЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



МӘСЕЛЕ

Бұрын ұстаздарымыз үлгерімі нашар оқушыларды сабақтан соң алып қалып, қосымша оқытатын. Ол үшін оларға қосымша ақы төлене ме, төленбей ме, белгісіз. Бірақ олар нәтиже үшін жанашырлықпен жұмыс жасайтын еді. Ал қазір мектептерде қосымша оқыту деген ата-ана ақысына жасалатын болды. Баланың оқу үлгерімі сәл нашарласа болды, ұстаздар қосымша оқуға үгіттейді. Оның бағасы да арзан емес. Осы ретте мектеп мұғалімдерінің оқу ордасы қабырғасында ақылы репетиторлық қызмет көрсетуі қаншалықты дұрыс? Бұл қызметтің мақсаты – оқушының білімін шыңдау емес, бизнеске айналып бара жатқан секілді.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір оқушылардың басым көпшілігі қосымшаға баратын болды. Ақшасы тасығаннан емес, әрине. Түсініксіз, неге оқушылар мектептен толық білім ала алмайды? Қазір Қазақстанда білім тегін деп айтуға ауыз бармайтын болды. Мұғалімдердің айлығын қанша көтерсе де, балалар білімді ақылы орталықтардан іздеп жүр.

Жалпы, бизнес деген не? Бір сөзбен айтқанда, бизнес дегеніміз – ақша табу. Демек, мектеп қабырғасында ақылы репетиторлық қызмет көрсетіліп, мұғалім сол арқылы ақша тауып жатса, ол бизнес жасап жатыр деген сөз. Әңгіме ақшаның мөлшерінде не кімнің ақша тауып жатқанында емес, әңгіме – мектеп қабырғасында бизнес жасалып жатқанында. Мұны нақты директордың немесе мұғалімнің бизнесі деп айта алмаймыз. Бәлкім, мұғалім мен ата-ана өзара келісіп жасайтын шығар. Егер мұғалім ақылы репетиторлық қызметті мектеп қабырғасынан тыс жерде жасап жүрсе және ол оның кәсіби міндетін атқаруға кедергі келтірмесе, оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Ол үшін мектеп директоры жауап та бермейді. Ал енді мұғалімдер мектеп қабырғасында ақылы репетиторлық қызмет жасап жүрсе, оған ең бірінші жауапты адам – мектеп директоры. Бұл, ең алдымен, мектептің, сонан соң мектеп директорының атына сөз келтіреді. Сондықтан мектеп директоры білім ордасының және басшысының атына мін болып жармасатын іске жол бермеуі керек.

Егер ата-ана «баламның білімін шыңдаймын, репетитор жалдаймын» десе, қазір ондай қызмет көрсететін орталықтар, арнайы мамандар баршылық. Бізде бітіруші сынып оқушылары репетиторлардың көмегіне жүгініп жатады. Бірақ мектеп

БАЛА ОҚЫТУ

бизнеске айналып барады



P.S. «Таяқтың екі ұшы болады» дегендей, бұл мәселенің де екі жағы бар. Егер заңдық тұрғыдан қарайтын болсақ, әрине, бұл дұрыс емес. Заңға сәйкес, егер азамат ақылы қызмет көрсететін болса, онда ол кәсіпкер болып табылады. Демек, ол салық органына кәсіпкер ретінде тіркелуі керек не болмаса сол қызметіне патент алып, мемлекетке тиісті салығын төлеп жұмыс істеуі керек. Ал бұл жұмыстың мерзімдік екенін және табысының да шамалы екенін ескерсек, заңдастыру деген қисынсыз сияқты. Егер мектеп қабырғасындағы репетиторлыққа тыйым салсақ, онда ата-ана өзара келісіп, мұғалім қосымша сабақты үйінде жүргізуі мүмкін. Ал бұл екінші бір заңбұзушылыққа әкеледі. Мұны мектеп басшылары реттей алмайды. Сондықтан мектеп қабырғасындағы ақылы репетиторлық қызметті Үкімет деңгейінде сараптап, қажет болса заңдастыру керек.



қабырғасында емес, арнайы орталыққа барады. Ал «ақылы репетиторлық қызмет жасаймын» деген мұғалімдер жазғы демалыс кезінде сондай орталықтарға барып жұмыс істеуіне болады.

Бірақ біздегі репетиторлық орталықтардың жұмысы көңіл көншітпейді. Өйткені, сол орталықтарда білімін шыңдап, жақсы нәтижеге қол жеткізген баланы көре алмадық. Сонда ол орталықтардан не пайда? Оған қоса, бала өзінің бұрыннан дәріс алып келген мұғалімімен жақсы түсініседі. Ал бала репетиторлық орталықтағы мұғалімнің тәсілін ұғынғанша да біршама уақыт өткізіп алады. Жалпы, оқушының білімін шыңдап, біліктілігін арттырып жатса, ондай репетиторлық орталықтарға қарсылық жоқ. Бірақ мектеп қабырғасында мұғалімдердің ақылы репетиторлық қызмет көрсетуі дұрыс емес деп есептейміз.

Өйтсе де, қазір мұғалімдер әртүрлі. Бірі шын ниетпен баламен жұмыс істеп, алға жетеле, енді бірі бұл істі қосымша табыс көзі ретінде пайдаланып, баланың ой-өрісінің өсіп-жетілуіне жол ашпайды. Әрине, алмақтың да салмағы бар болғасын көп мұғалімдер баланы қатарға қосу үшін барын салып бағады. Ата-аналар да ақшаны желге шашқысы келмейтіні ақиқат.

Репетитордан тәлім алудың тағы бір зияны бар. Үнемі үлкендердің көмегіне сүйенетін бала өз бетімен сабақ оқуды мүлдем қояды. Өз-өзіне сенімі жоғалады. Тапсырманы орындаған күннің өзінде күмәнмен қарайтын әдет пайда болады. Репетитор тек бағыт беруші, игермеген тақырыпты үйретуші, оқу үлгерімінде қалып қойған баланы қатарға қосушы рөлінде қажет.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мұғалімдердің талабы жоғары

Жақында бір танысым телефон шалып: «Бастауышта оқитын екі балама репетитор тауып бер» деп қолқа салды. Жарнамалық газеттердегі хабарламалар бойынша қоңырау шалған ол мұғалімдердің талабы жоғары екенін алға тартты. «Машинаңыз бар ма, алып келіп, апарып тастайсыз ба?», «Кепілдік бере алмаймын, бірақ оқытуға болады» деген тәрізді сөздер өзіне ұнамағанын айтқан әлгі танысым «өзің жақсы білетін мұғалімнің біреуін келістіріп берші» деп өтінді.

Ғаламторға кіріп хабарландыру бойынша ағылшын тілі мен бастауыш сынып мұғалімдеріне қоңырау шалдым. Арасында «3-4-курстың студентімін» дегендер де кездесті. *«Балаңызды қалаған уақытыңызда оқытамыз» дейді олар. Нәтиже болуы үшін кемі үш ай баламен бірге дайындалған дұрыс екен. Дауыстары жағымды, сөздері көңілге қонымды. Тағы бір зейнеткер мұғалім: «Аптасына үш рет оқытамын. Айына 20 мың теңге аламын, бірақ балаңды менің үйіме әкелесің, шырағым»,* – деп талап қойды. Өзгелері де сол, айына 20–25 мың теңге сұрайды.

Айдар ӨТЕПОВ,
ата-ана:

Екінші бірі – репетитор

Жақында ғана көршім қызына ағылшын және орыс тілін үйрету үшін репетитор жалдағанын, ол үшін үш сағатқа 15 мың теңге төлейтінін айтты. Мұғалім аптасына бір рет келеді екен. Әлгі оқытушы өзі мектепте мұғалім көрінеді, сөйте тұра ол әлгі көршімнің қызы секілді бірнеше оқушыны оқытуға алыпты. Одан бөлек, бастауышта оқитын баланың сабағын дайындатуға да болады. Біз секілді жұмысбасты ата-аналарға кешке үйге келгенде баланың сабағын оқыту өте ауыр. Көп ата-ана қиналады.

Жасыратыны жоқ, қазір екінші бірі – репетитор. Бір қарағанда, «қолдан келіп тұрған іс болса неге жасамасқа?» деген ой келеді. Әрі қызметтің бұл түріне сұраныс та жоғары. Сонымен бірге, еңбек өтілінің ұзақ, жоғары білімді болуы да маңызды. Әсіресе, «стажной» мұғалімдердің бағасы қымбаттау көрінеді. Өзімнің де кезінде ұлым 5-сыныпта математикадан қатты қиналды. Қазіргі мектеп бағдарламасы кәдімгідей ауыр. Сол кезде «не істейміз?» деп ойландық. Сосын, бір таныстарымыздың кеңесімен өзінің апайына ақы беріп оқыттық. Ол үйге келіп, үш айдай жеке сабақ берді. Нәтижесінде ұлымның сабақ үлгерімі жоғарылады, оқу екпіндісі қатарына қосылды. Отбасылық бюджеттен жырып жұмсаған қаржымыз ақталды.

Талғат ДАСТАНҰЛЫ,
тарих ғылымының магистрі, аға оқытушы:

Білім саласына реформа керек

Бізде репетиторлық орталықтар көп. Соның басымының саны бар, сапасы жоқ. Қазір репетиторлық қызмет «қара базарға» айналды. Бұл саланы мемлекет қадағалауға алмаған соң жалған репетиторлар мен орталықтар қаптап кетті. Әсіресе, мектеп бітіруші түлектерге қиын болды. Алдымен дайындық жұмыстарына жарнама кезінде арзан баға айтып, неғұрлым ҰБТ уақыты жақындаған сайын өз қызметтерін қымбаттатып жіберетін орталықтар бар. Бұл былайша айтқанда, адамның шарасыз кезін пайдалану болып табылады. Бір түсінбейтінім, егер 11-сыныпта бала ЖОО-ға түсу үшін қосымша репетитор жалдайтын болса, онда оған дейін он жылдағы жинаған білімі, он жыл бойы соған жұмсаған мемлекет қаржысы мен он жыл бойы сол үшін алған ұстаздың айлығы қайда кетті? Неге оқушы мен ата-ана мектептен алған 11 жылдық біліміне сенбей, орта жолдан тестіге дайындау орталығына не жеке репетиторға сенуге мәжбүр? Демек, білім жүйесі бізде дұрыс емес, білім саласына жаңа реформа керек.

БАЛА ТІЛІ – БАЛ

– Әке, осы мен қайдан пайда болдым? – деп сұрады кішкентай Коля ата-анасы отырған жұмсақ диванның шетіне жайғасып жатып.

– Мамаңнан ішінен шықтың, балам? – деді әкесі. Осылай деп оңай жауап бере қойған әкесі «сонда қалай шықтың» деген секілді қолайсыз сұрақтар қойылса қалай жауап беремін дегендей, дереу жиналып ала қойды.

– Ал мамам қайдан шықты?

– Воронежтен шыққан, – деді әкесі. Қиналмай тез жауап бере қойғанына риза кейіппен сабасына түсе қойды сосын.

– Ал Воронеж қайдан шыққан?

– Воронеж? Қызық сұрақ екен... А-а, есіме түсті, оны сәулетші салған ғой. Сондай үлкен аға салған. Сол сурет арқылы Воронеж бой көтерген.

Кішкентай Коляны бұл дерек тіпті қызықтыра түскендей.

– Ал мамамнан шықпай тұрып мені де әуелі ағай салған ба? – деді ұлы сұраулы кейіппен.

Осы сәтте анасы рахаттана күліп алды, ал әкесі ашуға булығып қалды.

– Қайдағы ағай?! Сені мен салғанмын! Түсіндің бе?

– Иә..., – түсінгендей кейіп танытқан Коля бір сәт ойлап кетті. – Онда менің бетіме секілді неге кө-ө-п салғансыз?

– Ал маған секпілі бар балалар ұнайды, олар сондай сүйкімді, – деді көңілденіп сала берген әкесі сөз тапқанына қуанып кетіп.

Суретшілер



– Онша емес қой, – деп мұрнын тыржитты Коля. – Құлағымды да неге сонша үлкен етіп салғансыз? Сол үшін балалар мені қалқанқұлақ деп келеке етеді ылғи.

– Сенің құлағыңды салып жатқан тұста әкенің қолы аздап қозғалып кеткен болатын. Жалпы, ол суретті жақсы сала алмайды ғой, – деп езу тартты анасы.

– Сөзіңе болайын! – деп тағы ашуланып қалды әкесі. – Менің салып жатқан суретімнің келіңкіремей жатқан тұсын өзін де жөндеп жіберсең болатын еді ғой!

– Иә, – деп костай кетті Коля. – Мама, шынымен де, сіз неге маған басқа құлақ сала салмағансыз?

– Шынымды айтсам, мектепте оқып жүргенде мен де суретті аса жақсы сала алмайтынмын, – деді анасы жымыш.

Кішкентай Коляның қабағы түйіле кетіп, бұртия ауыр күрсінді.

– Ол үшін қам жеме, балам, бала күнімде менің де құлағым пілдікіндей үлке-е-н болған. Кейін өз-өзінен жөндеп кетті, – деп арқасынан қағып қойды әкесі.

– Жо-оқ, жалпы ол туралы емес еді менің білгім келгені..., – деп күмілжіді балақай.

Коля сәл үнсіздіктен соң әуелі анасына, сосын әкесіне зер сала қарап алды да, диваннан құйрығымен ақырын сырғып түсіп бара жатып:

– Енді қарындасымды салатын кезде мені де шақырыңыздаршы. Мен суретті мұқият қарап отырайын, әйтпесе тағы бір жерін дұрыс салмай қойып жүрерсіздер. Ал қыз бала деген өте әдемі болуы керек! – деді.

Орыс тілінен аударған Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ТӘЛІМ

КӨҢІЛДІЛЕР МЕН
ТАПҚЫРЛАРНұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы Қылымыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде, яғни ауыр қылмыстар жасап сотталған 52 жеткіншек жазасын өтеп жатқан балалар колониясында жастардан құралған 5 команда КТА (КВН) ұйымдастырып, өнерлерін ортаға салып, өзара сынға түсті.

5 команданың 1-еуі сол түзеу мекемесіндегі жасөспірімдерден құралған болса, қалған 4-еуі сырттан қатысқан, яғни Алматы қаласының колледждерінен жасақталған командалар.

Жан-жағы темір тормен қымталған, әрбір ауыр темір есігі тек бір нүктемен ашылып жабылатын тәртібі қатал мекемеге кіру үшін үсті-басыңызды аппаратпен түгел тінтіп, тексеріп шығарды. Мұндағы сотталған балаларға келетін ата-ана, туыстарының да бір-бірімен жүздесетін өз тәртібі, шектеулі уақыты бар. Сондықтан көкейімізде «сырттан мұнша адам бір мезетте қалай келдік?» деген сауал тұрған еді.

– Иә, біздегі тәртіп темірден де қаты. Бірақ мұнда тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдердің бас бостандығы шектелгенімен, заң бойынша басқа құқықтарына шек қойылмаған. Мәселен, өз

ішімізде мектеп, кітапхана және кәсіптік білім алатын оқу орталығы бар. Сондай-ақ, осындай КВН сияқты жарыстарға, білім, түрлі спорттық сайыстарға қатысып тұрамыз. Бізге сырттан да командалар келеді, өзіміз де шақырту түссе шығып тұрамыз. Қалай болғанда да балалардың өмірге деген құштарлығын сөндіріп алмай, жақсы күндерге жетелей отырып, бәрінің білімнен де, өнерден де, тәлім-тәрбиеден де қалыс қалмауы үшін жұмыс істейміз, – дейді



ЛА-155/6 мекемесінің Сотталғандар арасында әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмыстары бойынша бөлім бастығы, әділет майоры Алма Бәзілбаева.

Жасыратыны жоқ, сырт көзге, яғни бізге Алматы колледждерінен келген аса еркін де ашық, көңілді де ерке жастарға карағанда колониядан құралған топтағы 5 бозбаланың алғашқы сәтте жабықтау көрінгені рас. Сырт өмірден алшақ, оқшау тұрған жабық мекемедегі шектеулі

тәртіптің әсері болар дедік іштей.

Қателесіппіз. Сайыс басталғанда бәрі жанып сала берді. Жұлделі I орынды да осы колонияның «Jas star» құрамасы иеленді. Біз де қазылар алқасы мүшелігінде отырғандықтан «көңілділер мен тапқырлар ойыны сол мекемеде өтіп жатыр ғой, балалардың көңілін демеп қояйық» деген секілді де еш артықшылық берілмегенін сеніммен айта аламыз. Нағыз шеберлік бағаланды.

КТА барысындағы «Сәлемдесу», «Үй тапсырмасы», «5 жаңалық» деп айдар тағылған үш кезеңде өнерлі жастар хан да, қара да болып ойнады, ата-ана мен бала қарым-қатынасын да әзілге салды, сыныптағы, қоғамдық көліктегі, көшедегі тосын жайттарды да санаулы секундтар мен минуттарға сыйғызып, көпті күлдіре білді.

II орын М.Тынышбаев атындағы Алматы көлік колледжінің «Энержи» құрамасына, ал III орын Алматы технология және флористика колледжінің «По-казахский» жастарына бұйырды.

Жақсы ойын өрнегін көрсеткен Туризм және қонақжайлық индустриясы колледжінің жастары да, Алматы сән және дизайн колледжінің «Назар аудар» құрамасы да сыйлықсыз қалмады. Әр команданың ерекше деп танылған ойыншылары да жеке-жеке марапатталды.

Іс-шараға Жетісу ауданының әкімдігі, «Қазақстан жастары» мен «Реванш» қоғамдық қорлары қолдау көрсетті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Анама көңіл бөлмегеніме өкінемін»

ЕСБОЛ, 5 жылдық жаза кесіліп, оның 2 жылын өтеген жасөспірім:

– Иә, аяғымды жаза бастым. Қателестім. Өкінемін, әрине. Досым деп жүрген адамдарым да теріс айналды. Дәл осындай сын шақта жаныңда анаң ғана қалады екен. Анаң ғана сені сол қалпыңда қабылдайтын жалғыз жанашыр жан екенін ұқтым. Үймен телефон арқылы сөйлесіп тұрамын. Шешем тұтқаның арғы жағында жылап тұрғанын маған білдіргісі келмейді, мен де бергі жақта даусымдағы дірілді сездіртім келмей, «бәрі жақсы, уайымдамаңыздар» деп қоямын. Ал шын мәнінде, екі жаққа да өте қиын тиеді әр сөйлескен сайын. Бостандықтағы өмірдің қадірін білмейміз. Күнде көшке үйден шығып кетіп, түн жарымына дейін жүре беретінбіз. Сонда бітіріп жатқан ештеңеміз жоқ, құр уақыт оздырып, мақсатсыз, бос ойын-күлкімен көше кезе беріппіз. Сонда анам «қайда барасың, сабағыңды оқысаңшы, үйде отыр» десе, «айта бересің» деп ренжитін едік. Беймезгіл уақытта бірденеңе ұрынып қалады деп сақтандырады екен ғой. Аяғы ауырған түндерде неге аяғың укалап бермеді екен деп өкінемін. Анама жеткілікті көңіл бөлмегеніме өкінемін. Жаныңда көбірек болуды армандаймын осы күні. Мен секілді өкініште жүрмеңіздер дегім келеді.

ҰСЫНЫС

ЕПСІЗ БОЛСАН,
ЖОЛАМА!

Алматы қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, соңғы жылдары мегаполисте мопед, электрлі самокат, электрлі скутер сияқты баламалы қозғалыс құралдарын пайдаланатын адамдар саны артқан.

Бүгінде альтернативті көлікке сұраныс жоғары. Себебі, ол біріншіден, кез келген адамға қолжетімді. Екіншіден, оны жүргізу үшін ешқандай тіркеудің немесе арнайы білім алудың қажеттілігі жоқ. Үшіншіден, электрлі самокаттың жылдамдығы сағатына 80 шақырымға дейін жүруге қауқарлы. Көпшілікке көлік сонысымен де ыңғайлы.

Көліктің мұндай түрлері заман көшінен қалмау үшін керек те шығар. Бірақ олардың пайдасымен қатар зияны да баршылық. Неге десеңіз, кейінгі уақытта электрлі самокаттар жылдамдығын арттыру салдарынан қалада орын алған келеңсіз жағдайлар көп. Мәселен, соңғы 9 айда Алматыда электрлі самокаттардың қатысуымен 277 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, оның 5-еуі қайғылы оқиғамен аяқталған. Жол жүру ережесі бекітілмеген самокаттарды тізгіндегендер көбінесе жаяу жүргіншілерге арналған жолмен жүреді. Жылдамдықты өз қалауына қарай бағыттайды. Өйткені, заңда оларға қатысты ешқандай қорғаныс құралдары мен жылдамдықты шектеу шаралары қарастырылмаған.

«Электрлі самокаттарды пайдаланушылар санының артуы қаладағы жол апаттарының өсуіне әкеліп отыр. Мысалы, егер 2018 жылы барлығы 66 жол оқиғасы тіркелсе, 2020 жылы олардың саны 2 есе өсті. Ал биылғы 9 айдың өзінде 277 жол апаты болып, 5 адам қаза тапты, 296 адам түрлі дене жарақатын алды», – дейді полиция өкілдері.

Сенатор Нұртөре Жүсіп өзінің депутаттық сауалында жол қауіпсіздігі мәселесін көтеріп, жаяу жүргіншілерді электрлі самокаттар мен гироскутерлерден занды түрде қорғауды ұсынған болатын.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

АКЦИЯ

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС



өткен іс-шара барысында қала белсенділері көше мәдениетін қалыпқа келтіруге де атсалысты.

– Салауатты өмір салты жобасының аясында алматылық жасотандықтардың ұйымдастыруымен «Жастар есірткіге қарсы» акциясын жүргізудеміз. Жалпы, акция Алматы қаласы бойынша жүруде, міне, бүгін өз жалғасын Әуезов ауданында тапты. Акция мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және жастарды нашакорлықтан сақтандыру, – деді Әуезов аудандық «Jas Otan» ЖК төрағасы Бекембай Сахи.

Айжан БҮРКІТБАЕВА.

РЕЙД

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қалада заңсыз жүрген 58 шет ел азаматы елден қуылды.

Алматыда елден шығару туралы сот шешімін орындамаған Өзбекстан азаматтары ұсталды. Шаһарда «Келімсек» алдын алу шарасы өтіп жатыр. Рейд барысында 37 жастағы өзбекстандық азамат ұсталды. Ол Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімімен жыл басында ҚР ӘҚБК 517-бабы 4-бөлігі бойынша 5 жыл мерзімге әкімшілік жолмен елден шығарып жіберу түріндегі әкімшілік жауапқа тартылған болатын.

«Алайда, бұл талапты ол орындамады, содан кейін сот Қазақстан аумағынан мәжбүрлеп шығару және қозғалыс еркіндігіне шектеу қою туралы шешім шығарды», – дейді Алматы қалалық ПД көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Геннадий Мен.

Алматыда «Келімсек» шарасы басталған 6 күннің ішінде көші-қон заңнамасын бұзған 1295 адам әкімшілік жауапқа тартылса, оның 1036-сы – шет ел азаматтары. 58 шет ел азаматы елден шығарылды. Сонымен қатар, заңды елемеген қандастарымызға қатысты да әкімшілік шара қолданылды.

«Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында жүріп-тұру заңдылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдамағаны үшін 235 адам жазаланды. Шетелдік жұмыс күшін тарту ережесін бұзғаны үшін 24 жұмыс берушіге айыппұл салынды», – деп түйіндеді Алматы қалалық ПД көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Геннадий Мен.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТӘРТІП

ЕРЕЖЕ БҰЗУ
АЗАЙМАЙ ТҰР

Қалада өткен демалыс күндері жасырын жұмыс істеген 2 караоке орталығы анықталды.

Карантин ережелерін бұзатын кәсіпкерлік нысандар әлі де азаймай тұр. Тексерушілер ішінен құлыптаулы орталықтарға кіру үшін қарапайым қонақ болып кіріп, түрлі құлық әрекеттерге де барған.

Рейд барысында Сәтбаев көшесінің бойында орналасқан караоке орталығы келушілерді еш тексеріссіз кіргізіп жатқаны анықталды. Мекеме уақыттың асып кеткеніне қарамастан, жасырын жұмыс істеп келген. Кейін мамандар анықталған фактілер бойынша мекеме әкімшісіне хаттама толтырып, тиісті органға жолдады.

«Бостандық ауданында 4 мониторингтік топ жұмыс істейді. Күндіз вакцина, бетперде



режимі қадағаланса, түнде кәсіпкерлік нысандардың санитарлық талаптарға сай болуы тексеріледі. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады», – деді Бостандық ауданы мемлекеттік құқықтық бөлімінің бас маманы Досхан Рахметилдаев.

Жандосов даңғылының бойында орналасқан караоке орталығы да карантин ережелерін өрескел бұзған. Кәсіпкерлік нысанын түн ортасына дейін жұмыс істеп, меймандарды жасырын қабылдаған.

Айта кететін жайт, шаһар «сары аймақ» өткеніне қарамастан, індет жұқтыру қаупі әлі де жоғары. Сол себепті, әлі де сақтық шараларын сақтаған абзал.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектегі көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ЖЕР-ЖАҒАН



Сөмкесінде ілгек бар

II Елизавета патшайымның да өзгелерден ерекшелендіріп тұратын әдеттері бар екен.

Оның барлық киімінің реттік нөмірі бар. Сол арқылы арнайы журналға киімдердің қайда және қашан киілгені туралы есеп жазылып отыратын көрінеді. Бірақ бұл II Елизаветаның киімдерін бір-ақ рет киіп дегенді білдірмейді. Ол киімдерін қайта өңдеуге, жанартуға беріп тұрады екен.

Патшайымнан бұрын аяқкиімін қызметшісі киіп. Жаңа аяқкиімдердің жайсыздық тудыратынын біріміз, әсіресе, қыз-келіншектер жағы жақсы білеміз. Қызметшісі оның жана туфлиін біраз уақыт киіп, аяққа жайсыздық тудыратын бөліктерін «жұмсартып» береді екен.

Елизавета әжей сөмкесінің ішіне әйелдер сияқты әмиян, опа-далап пен қағаз-қалам емес, арнайы ілгек салып жүреді екен. Егер ол сөмкесін үстел үстіне қойса, кездесу 5 минуттан кейін аяқталады дегенді білдіреді. Ал кездесу қызықсыз өтіп жатса, сөмкені жерге қойып белгі береді. Егер өзі үнемі алып жүретін ілгекке сөмкесін ілгенін байқасаңыз, сізбен кездесу қызық өтіп жатыр әрі патшайымның жағдайы жақсы дегенді білдіреді.

Патшайым мұз кесектерін жек көреді. Оған сусындар құйылған ыдысқа тигендегі мұз кесектерінің даусы мүлде ұнамайтын көрінеді. Сондықтан ол мұздың дөңгелек немесе шар тәріздес болғанын қалайды екен. Себебі, өзі үшін оның шыныға тигендегі дыбысы әдемірек әрі сазды естіледі. Тіпті, оның жұбайы домалақ пішінде мұз қатыратын арнайы аппарат та ойлап тапқан деседі.

Лимон қосылған шай

Ұшқыш-космонавт Юрий Гагаринге Ұлыбритания патшайымы – II Елизаветаның қабылдауында лимон салынған шай ұсынылады. Шайын ішіп болған Гагарин ыдысының түбіндегі лимонды қасығымен алып жей бастайды. Айналасында отырғандардың көздері шарасынан шыға естері шығып кетеді. Мұндай әрекет корольдіктің протоколында мүлдем жоқ



болатын. Бірақ әкүйектер қалыбына сыймайтын бұл әрекетті патшайымның өзі жуып-шайып жібереді. II Елизавета еш ойланбастан өзінің кружкесіндегі лимонды қасығымен іліп алып, ол да жей бастайды. Сол сәтте сарайдағы барлық отырғандар солай жасайды.

Осы оқиғадан кейін әкүйектер корольдігінде кесектегі шайдан лимонды алып жейтін әдет қалыптасқан.

Адамзат жүрегіндегі ханшайым

Диана Фрэнсис Спенсер – төрт балалы отбасының үшіншісі. Анасы басқа адаммен қол ұстасып кетеді де, олар әкесінің тәрбиесінде қалады. Өгей шешесімен қарым-қатынасы жақсы болмаған.

Диана бала күнінде кәсіби балерина болуды армандаған. Бірақ өте бойшандығы кедергі болған. Бойы 178 см. болатын. Мектепті бітірген соң үй күтушісі, балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істеген.

Ұлыбритания корольдігінің патшайымы II Елизаветаның ұлы, тақ мұрагері – Чарльз ханзада әуелі Дианының әпкесі Сарамен көңіл қосып жүрген. Кейін Дианаға ұсыныс жасайды. Чарльзден 13 жас кіші болған. Ханзада екеуінің 16-шы атадан қосылатын туыстығы бар. Дианының нағашы әжесі II Елизаветаның көмекшісі болған. Дианының той көйлегі 10 мыңнан астам маржан тастармен көмкерілген.

Ол – корольдіктегі перзентханада босанған тұңғыш әйел. Бұған дейін бәрі баланы үй жағдайында өмірге әкелген. Диана британ корольдігіндегі атадан үзілмей жалғасып келе жатқан қатаң аристократтық (мәселен, өзін-өзі ұстау, жүріп-тұру сынды) тәртіптердің бірнешеуін өзгерткен әйел. Ол екі ұлын қарапайым өмірмен, әке-шешесімен етене жақын болғанын қалаған. Олармен бірге кино-театрларға барған. Көпнен бірге кезекте тұруды үйреткен. Мектептегі спорттық жарыстарға ата-ана ретінде ұлдарымен бірге қатысқан.

Диана қайырымдылық шаралармен көп айналысқан. Қатерлі ісікке шалдыққан балалар ауруханасына аптасына 3 реттен барып, 4 сағатын сонда, ауру балалармен өткізген. Ұлыбританияда тұңғыш рет ашылған СПИД-пен ауыратын науқастар бөлімшесінде болған ресми сапарында қолғабын шешіп, әрбір пациентпен жеке-жеке амандасып шыққан.

2002 жылы ВВС жүргізген сауалнамада Диана «Ең танымал 100 британдық тұлға» арасынан 3-орынды иеленген. Оның «ханшайым» титулын корольдік емес, халық берген. Диана «Адамзат жүрегіндегі ханшайым» атымен тарихта қалған.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2021 жылғы 29 қарашада, сағат 15.00-де Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекен-жайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағында, химиялық цехтың акт залында (307-қаба.) «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО-ны жаңғырту» ТЭН-іне «Ықтимал әсерлер туралы есептер» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады.

Қарантинді ұзартқан жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн-режимінде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZL3N6QVp0d1lSWXNwZ050GNjl1dz09>

Конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660

Кіру коды: 7KLer7

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя е-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Жобаны әзірлеуші: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Темирянов Владимир, е-mail: office@kner.kz, 8 (727) 273-47-87.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел. 8 (727) 225-72-06.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ru>. Prirp@ almaty. gov.kz «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжай: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: е-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: е-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 2540-327, 2540-329.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, «Алматы қ. Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 262-16-13, электрондық мекен-жайы: uprprp@mail.ru.

Медеу ауданының Ардагерлер кенесі еңбек майданының ардагері, ардагерлер қоғамының белсендісі **Жолдымұрат Әлиұлы ОРАЛБАЕВТЫҢ** дүниеден өтуіне байланысты туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылм,
көлемі 2 баспа табақ.



ТӘУЕЛСІЗДІК – 30

Ұлы ақын ескерткіші –
әлем елдеріндеГүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Германия Федеративтік Республикасының астанасы Берлин қаласында Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіштің ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты жиынға Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен Қазақстан Республикасының Германиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Кәріпов қатысты. Ақтоты Райымқұлова Германия халқы мен Үкіметіне Абайдың ескерткішін орнату жөніндегі ұсынысын қолдап, демеу көрсеткені үшін алғыс білдірді.

«Бытыр біз әлемдік деңгейдегі ойшыл, ұлы ақын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын атап өттік. Мерейтой аясында Сингапурда, Болгарияда, Мажарстанда, Біріккен Араб Әмірліктерінде, Пәкістанда, Эфиопияда, Чехияда Абай орталығы оқырманға есігін айқара ашты. Сонымен қатар, Мажарстан, Оңтүстік Корея Республикасы, Франция, Түркия, Өзбекстан, Мысыр, Ресей Федерациясы және басқа елдерде Абай ескерткіші ашылды. Абай шығармашылығы – қазақ халқы мен өзге ұлттар мәдениеті арасындағы дәнекер. Абай қазақ халқының

ғана тұлғасы емес. Оның жалпы адами құндылықтарды насихаттайтын шығармашылығы адамзатқа ортақ, әрі әлемдік әдебиеттің ажырамас бөлігіне айналды. Абай Құнанбайұлы мен Германия халқының ұлы ақыны Гете поэзиясы арасындағы таңғаларлық үндестікті байқамау мүмкін емес. Абай аудармасының арқасында біз Иоганн Гетенің біршама туындысымен етене таныстық. Соның



бірі әрі бірегейі – хакім ана тілімізде сөйлеткен «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі. Мазмұнды меймандостық дәстүрде өтіп жатқан іс-шара жоғарыда айтып өткен рухани байланысты нығайта береріне сенімім мол», – деді Мәдениет және спорт министрі.

Абай Құнанбайұлы мүсінінің авторы – «Әлем халықтарының өнері» Халықаралық ассоциациясының лауреаты Болат Мекебаев.

Сондай-ақ, ұлы ақынның ескерткіші Украинаның Харьков қаласында да орнатылды. Ескерткіш «Ойшылдар аллеясында» триптих ретінде орнатылған. Ескерткіштің авторы, Украинаның халық суретшісі Сейфутдин Гурбановтың айтуынша, бұл еңбектің атауы – «Тіршілік ағашы».

Триптихте Абаймен бірге Украинаның халық ақыны Григорий Сковорода пен эрбайжан ағартушысы, философ Мырза Фатали Ахундов бейнеленген. Ескерткіштің биіктігі – 4 метр. Аллея ауданы – 2543 шаршы метр.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



Көпшілікті балшықпен жұмыс істеуге үйретіп келеді. Бұл ретте оқушылардың арасынан әр түрлі жастағы және кәсіптегі адамдарды кездестіруге болады.

– Керамикалық сауаттылықтың негіздерін алғаннан кейін олардың әрқайсысы пішін мен түстің үйлесімін іздейді. Бір студиялық кеңістік

Балшықтан жасалған әлем

Қалада балшықпен жұмыс істейтін керамикакердің көрмесі ашылды. Онда кәсіби мамандармен қатар, үйренушілердің де жұмыстарын көруге болады.

Елена және Владимир Григорян секілді танымал суретшілер 10 жылға жуық уақыт бойы

те орын алатын бірлескен жұмыс эксперименттерге толы. Шығармашылық нәтиженің бір бөлігін біз «Саз үндестігі» деп атаған көрмеден көруге болады, – деді Елена Григорян.

Шынында да, көрмеде ұсынылған жұмыстар бір-біріне мүлде ұқсамайды. Көрмеге бас-аяғы 16 қатысушының жұмысы қойылған. Ондағы негізгі тақырыптар – «Шамдар», «Тостағандар» және «Уақыт құрылымы».

– Балшық – мыңдаған жылдық тарихы бар, адамзатпен бірге жүретін ерекше табиғи материал, өркениеттің бастауы. Технологияның дамуы жаңа экспрессивті құралдарды табуға мүмкіндік береді – күрделі глазурь және ангобалар, күйдіру сапасын арттыру, электр қыш дөңгелегін жасау. Дегенмен, қанша нәрсе өзгерсе де, балшықпен жұмыс істеу әдістері өзгеріссіз қалады, ал адамның қолдары керамиканы жасаудың негізгі құралы болып табылады, – деді шебер Владимир Григорян.

Көрме 7 қарашаға дейін жалғасады.

Қауіпсіздік үңгіршелері

Шарын шатқалында түрлі төтенше жағдай кезінде туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін үңгіршелер орнатылып жатыр. Мамандар мұндай аялдамалардың қажеттігін айтады. Бұл іс-шаралар ұлттық табиғи паркті дамыту тұжырымдамасы аясында қолға алынды.

Төбесі жабық құрылым адамдарды аптап ыстықтан, жауыннан, шатқалдағы тастардың құлауынан немесе селден сақтайды. Өзірге қауіпсіздік үңгіршелері үш жерден қойылған. Қажеттілік туындап жатса, кейін тағы көбейтіледі.

Шарынды тамашалаушылардың саны жылдан-жылға артып келеді. 10 жыл бұрын мұнда жылына 1300 адам келген болса, биыл тоғыз айда саяхатшылардың саны 33 мыңнан асыпты. Нәтижесінде аумақтың туристік әлеуеті де



едәуір жақсарған. Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің негізгі бөлігін жануарлар әлемі құрайды. Мұнда сүтқоректілердің 34 түрі, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер мен құстардың алуан түрі мекендейді.

Табиғи парк аумағында Шарын шатқалынан өзге тағы да үш туристік бағыт бар. Олар Шарын ерен тоғайы, бейіттер мен қорғандар және Темірлік кіші шатқалы. Мамандардың айтуынша, Шарын бір жылда 200 мыңға жуық туристі қабылдауға қауқарлы екен.

Әлеуметтік желі арқылы «киіндірген»

Instagram әлеуметтік желісі арқылы жасалған тағы бір алаяқтық әрекет әшкереленді. Жасанды интернет-дүкеннің көмегімен екі «кәсіпкер» жоқ қымбат кроссовкаларды сатқан. Алматының криминалдық полициясы алаяқтарды ұстады, бірақ олар соған дейін бірнеше адамның ақшасын алып үлгерген.

– Алдау схемасы өте қарапайым болған. Ұсталғандардың бірі – 25 жастағы азамат. Әлеуметтік желіде екі парақша ашып, түрлі-түсті суреттер қойып, жеңілдіктер туралы ақпарат орналастырып отырған. Оның 19 жастағы

серіктесі сатып алушылармен байланыс орнатып, сәйкесінше тапсырыс пен төлем қабылдаумен айналысқан. Алдын ала төлемді жалған банктің картасына аударып алып отырған. Пайданы теңдей екіге бөлген, – деді қалалық ПД криминалдық полиция басқармасының бастығы Қуатбек Науатов.

Айыпталушылар әр тұтынушыдан екі аяқ киім үшін 15-тен 20 мың теңгеге дейін алған. Ал сатып алушылар аударымнан кейін аяқ киімін ала алмай, көрсетілген телефон нөмірімен байланыса алмай қалған.

Өзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІНЕ НЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?



АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕР
АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІН
ЕДӘУІР ТӨМЕНДЕТЕДІ

ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСПАУЫ МҮМКІН:

ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ЖӘНЕ
ИММУНДЫ БАСУ ТЕРАПИЯСЫН
ҚАБЫЛДАП ЖҮРГЕН ПАЦЕНТТЕРДЕ

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР
ПАЦИЕНТТЕРДЕ

АҒЗАСЫНДА ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР ПАЦИЕНТТЕРДЕ



СТАТИСТИКА БОЙЫНША КЕЗ КЕЛГЕН
АУРУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛДЫРҒАН
АДАМДАРДЫҢ 10%-ДА
АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛМЕЙДІ

CORONA
VIRUS2020 KZ
kazInform

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН
ИММУНИТЕТ ҚАШАН
ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Алғашқы иммундық жауап бірінші доза
егілгеннен кейін 12-14 күннен соң қалыптаса
бастайды

Тұрақты иммунитет екі дозамен де
вакцинацияланған жағдайда 1-1,5
айдан кейін қалыптасады



Антиденелер түзілетін бүкіл
кезең ішінде барлық сақтық
шаралары сақталуы қажет –
бетперде тағып, әлеуметтік
қашықтықты сақтаңыз



CORONA
VIRUS2020 KZ
kazInform